

САРАПТАМА



ОРТА ДӘЛІЗ ӘЛЕУЕТІ:

Баку мен Астананы ортақ мүддеге біріктірген жоба

2

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty

AQSHAMY



12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №94-95 (6657) 24 қазан, жұма, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz

ҰЛЫҚ МЕЙРАМ

ЕЛДІК ПЕН БІРЛІК РУХЫНЫҢ МЕРЕКЕСІ

25

ҚАЗАН

РЕСПУБЛИКА КҮНІ

ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



QAZAQSTAN



ТӘУЕЛСІЗДІК

ДЕКЛАРАЦИЯСЫ –

35 ЖЫЛ





1990 жылдың 25 қазанында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі тарихи шешім қабылдап, «Мемлекеттік егемендік туралы Декларацияны» бекітті. Бұл құжат тәуелсіздікке бет алған жолындағы шешуші кезең болды.

Республика күні – өткен тарих пен бүгінгі жетістіктің, халық бірлігі мен ел ертеңінің айғағы. Бұл күн халқымыздың ғасырлар бойы жүріп өткен ұлы жолын, тәуелсіз мемлекет құрудағы табандылығы мен батылдығын дәріптейтін ерекше күн ретінде санамызда жаңғыруы тиіс. Қазақстан осы жылдар ішінде әлемге бейбіт саясаты, тұрақтылығы және әлеуметтік-экономикалық дамуымен танылды. Бұл – ел бірлігі мен азаматтардың ең бегінің жемісі.

Мереке қарсаңында еліміздің барлық өңірінде салтанатты жиындар, мәдени және спорттық іс-шаралар, патриоттық акциялар өтеді. Бұл – ел азаматтарының ортақ қуанышын, елге деген сүйіспеншілігін білдіретін игі дәстүрлер. Республика күніне арналған материалдарды газетіміздің ішкі беттерінен оқи аласыз.

9

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



@AQSHAMY\_KZ



@TikTok



@AQSHAM\_NEWS











www.aqshamnews.kz



01 745178 614887





## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЯСАТ

## ОРТА ДӘЛІЗ ӘЛЕУЕТІ:

Баку мен Астананы ортақ мүддеге біріктірген жоба

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруы негізінде елімізге мемлекеттік сапармен келген Ильхам Әлиевтің сапары аясында қос ел арасындағы «Орта дәліз» көлік бағдарына ерекше көңіл бөлінді. Мақаламызда Еуразия даласында Орта дәліз жобасының аймақтық ынтымақтастықтағы ықпалы мен маңызын талдап көрелік.

## Азия мен Еуропаның маңызды логистикалық күретамыры

Орта дәліз – Азия мен Еуропаны біріктіретін маңызды логистикалық күретамыр ретінде тек жүк тасымалы дәлізі емес, сонымен қатар сыртқы стратегиялық бағыттардың тоғысқан нүктесіне айналған. Орта дәліз жобасының әлеуетін толықтай пайдалану мен маңызын арттыруда Қазақстан мен Әзербайжан арасындағы серіктестік пен өзара сенімнің маңызының ерекше екенін тұтас аймақ елдері мойындап отыр. 2025 жылдың алғашқы тоғыз айында тасымал контейнерлерінің саны өткен жылдың дәл осы мерзіміне қарағанда 39%-ға өскен.

Әзербайжан, Грузия және Қазақстан теміржол операторлары Орта дәліз бойынша «біртұтас ұзақ мерзімді тариф» жүйесін енгізу туралы келісімге келді. Қазірде жүк тасымалы Қытай шекарасынан Грузия порттарына дейін 15–18 күнде жеткізілсе, 2030 жылға қарай бұл бағыттағы жүк айналымы үш есе жыл-



(Дереккөз: aqorda.kz).

дамырақ жетеді. Әзербайжан Президентінің Қазақстанға мемлекеттік сапары аясында 15 құжатқа қол қойылды.

## Жаңа экономикалық бағдар

Кейінгі жылдары Транскаспий халықаралық көлік бағдары әлемдік экономикалық картада ерекше маңызға ие бола бастағаны даусыз. Қытайдан басталып, Каспий теңізі арқылы Әзербайжан, Грузия және Түркия бағытында Еуропаға өтетін бұл маршрут жаһандық жеткізу тізбегінің баламалы күретамырына айналды. Еліміз үшін бұл дәліз тек экономикалық жоба емес, еліміздің сыртқы саясатының геосаяси ықпалға ие маңызды құрамдас бөлігі.

Екіншіден, еліміздің транзиттік әлеуетін арттырып, Азия мен Еуропа арасындағы сауда айналымының орталығына айналуға жасалған маңызды қадам. Жоба аясындағы Қазақстан мен Әзербайжанның ортақ ұстанымдары Қытай мен Еуропа арасындағы тауар тасымалының тиімділігін арттыруда тіп-

тен ерекше маңызға ие болып отыр. Елорда төрінде қос ел басшыларының кездесуі осы бағыттың практикалық іске асуын күшейтті.

Ресми кездесу барысында Ақтау мен Алат порттарын байланыстыратын жаңа логистикалық шешімдер мен тарифтік жеңілдіктер туралы келісімге қол қойылды. Бұл дегеніміз, екі елдің көлік және инфрақұрылым саласындағы ынтымақтастығы жаңа деңгейге көтеріледі деген сөз.

## Аймақтық қауіпсіздік және жаңа интеграциялық тәртіп көрсеткіші

Қазақстан үшін Орта дәліздің маңызы бірнеше деңгейде анық. Экономикалық тұрғыдан, елімізге транзиттік мемлекет ретінде қосымша табыс көзі ашылады, жүк айналымы өсуі арқылы экспорт-импорт қатынастары әртараптануға мүмкіндік алады. Екіншіден, геосаяси тұрғыдан еліміз, Ресей–Иран

бағытындағы дәстүрлі жолдарға тәуелділігін азайтып, Еуразияның жаңа логистикалық түйіні рөлін нығайта алады. Үшіншіден, әрине, инфрақұрылымдық және логистикалық тұрғыда Ақтау портының, теміржол желілерінің, паром жүйелерінің жаңғыртылуы бұл салаға ерекше серпін бермек.

Әзербайжан үшін де «Орта дәліз» жобасы стратегиялық мәнге ие болып отыр. Бауырлас ел Орта дәліз арқылы геосаяси артықшылығын тиімді пайдаланып, Азия мен Еуропа арасындағы логистикалық «хаб» рөлін күшейтуді көздеп отыр.

Қазақстан мен Әзербайжан серіктестігі Орта дәліз арқылы екі елге ғана емес, бүкіл Еуразия кеңістігіне жаңа экономикалық және геосаяси өң беретіні айқын. Жүк көлемінің өсуі, тарифтерді үйлестіру, инвестициялар – бұл бағыттағы әлеуеттің ашылып жатқанын көрсетеді. Бірақ маңыздысы, біздің ойымызша, бұл бағыттағы өсімді тұрақтандыру, институционалдық тұрғыдан іске асқан жүйеге айналдыра алу. Себебі, бүгінгідей геосаяси тұрақсыздық жағдайында еліміз арқылы өтетін тауар тасымалының қауіпсіздігі мен тиімділігін қамтамасыз ету тек бір елдің емес, аталмыш күре жол бойында орналасқан елдердің ортақ жауапкершілігінде.

Орта дәліз – көлік бағдары тек тауар тасымалы ғана емес, оның бойында орналасқан елдерді ортақ идея аясында біріктіре алатын күрделі жоба. Орта дәліздің табысы тек инфрақұрылымдық дамумен емес, кедендік үйлесімділік, институционалдық басқару және саяси ерік күшінің тұрақтылығымен өлшенеді. Дәліз Қазақстан үшін көпвекторлы саясаттың нақты іске асқан көрінісі болса, Әзербайжан үшін Каспий аймағындағы логистикалық үстемдігін күшейтудің құралына айналды. Демек, Орта дәліздің тиімділігі мен тұрақтылығы тек экономикалық емес, аймақтық қауіпсіздік пен жаңа интеграциялық тәртіптің көрсеткіші болып отыр.

Нұрболат  
НЫШАНБАЕВ,  
сарапшы.

## ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

## ҚАЗАҚСТАН–ӘЗЕРБАЙЖАН:

Стратегиялық серіктестік және одақтастық туралы шартқа қол қойылғанына – 20 жыл

Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиевтің Қазақстанға мемлекеттік сапары аясында жоғары деңгейдегі келіссөздер жүргізілді. Тараптар Жоғары мемлекетаралық кеңестің екінші отырысын өткізді. Бұдан бөлек, Мемлекеттер басшыларына Орта дәлізді дамыту жобасы, Alem.AI халықаралық жасанды интеллект орталығы таныстырылды.

## Ықпалдастық қарым-қатынас нығая түспек

Бұл мемлекеттік сапар екі мемлекет үшін аса маңызды болып саналады. Себебі, биыл екі ел арасында Стратегиялық серіктестік және одақтастық туралы шартқа қол қойылғанына 20 жыл толды. «Қазақстан Республикасы мен Әзербайжан Республикасы арасындағы стратегиялық әріптестік және одақтастық қатынастар туралы» шартқа 2005 жылы 24 мамырда Бакуде қол қойылған.

Тараптар екіжақты келіссөз жүргізді. Стратегиялық серіктестік пен одақтастық қатынастарды одан әрі дамыту мәселелері талқыланды. Мемлекеттер басшылары сауда-экономика, инвестиция, ауыл шаруашылығы және көлік-транзит салаларындағы ынтымақтастықты нығайту мәселесін жан-жақты талқылап, мәдени-гуманитарлық ықпалдастыққа назар аударды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Әзербайжан тек достас елдер ғана емес, бауырлас халықтар екенін мәлімдеді. Ильхам Әлиевтің басшылығымен Әзербайжанның қуатты мемлекетке айналғанын

айтты. Президент мұнда бауырлас елдің әскери әлеуетін арттыру саясатын меңзеп тұр.

Ал Ильхам Әлиев Әзербайжанның Қазақстанмен стратегиялық және одақтастық қатынасты дамытуға ниетті екенін мәлімдеді. Бұдан бөлек, ол Қазақстандағы қоғамдық-саяси жағдай тұрақты және экономикалық даму қалыпты екенін айтты. Бұл елімізде жүзеге асып жатқан реформаларға берілген жоғары баға. Осылайша екі мемлекеттің басшылары стратегиялық және одақтастық қатынасты жалғастырып, нығайтуға уағдаласты.

## Қандай құжаттарға қол қойылды?

Екіжақты кездесуден кейін президенттер Жоғары мемлекетаралық кеңестің екінші отырысын өткізді. Кеңестің бірінші отырысы 2024 жылы 11 наурызда Бакуде өткен еді. Онда сауда-экономика, инвестиция, мұнай-газ, көлік-логистика салаларындағы ынтымақтастықты нығайту, сондай-ақ жаңартылатын энергия көздері, цифрлық коммуникация және мәдени-гуманитарлық бағыттардағы ықпалдастықты дамыту мәселелері қарастырылған.

Екінші отырыс алғашқысының логикалық жалғасы болды. Тараптар жиында көлік, логистика, цифрландыру, отын-энергетика кешені, сондай-ақ мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастық мәселелеріне айырықша көңіл бөлді. Келіссөз қорытындысы бойынша президенттер Қазақстан Республикасы мен Әзербайжан Республикасының арасындағы Стратегиялық серіктестік және одақтастық қатынастар туралы шарттың қол қойылғанына 20 жыл толуына орай Бір-

лескен мәлімдеме қабылдады. Бұл осы сапар аясында қол қойылған негізгі құжат болып саналады. Бұдан бөлек, тараптар бірқатар ынтымақтастық, стратегиялық серіктестік бағыттарда маңызды құжаттарға қол қойды.

## Екі жақ та мүдделі тиімді жоба

Екі ел арасындағы ең негізгі, әрі стратегиялық жоба «Орта дәліз» екені сөзсіз. Себебі, бұл жобаны жүзеге асыру екі жаққа да тиімді. Қазақстанға бұл жобаны жүзеге асыру көлік-логистиканы әртараптандыру үшін қажет. Бұдан бөлек, біздің аумақ арқылы өтетін тауар бюджетке қосымша түсім әкеледі. Ал Әзербайжан Еуропа және Қытаймен қатынасты нығайтып қана қоймай, экономикалық мүддесін жүзеге асырмақ.

«Орта дәліз» Қытай мен Орталық Азия мемлекеттерін Еуропа елдерімен байланыстыратын негізгі көлік-логистикалық бағыт. Президенттерге қазақ-әзербайжан мамандарының Орта дәлізді дамыту бойынша атқарып жатқан жүйелі жұмыстары жөнінде мәлімет берілді. Орта дәлізді дамыту жоспарын Қазақстан Президентінің кеңесшісі Әсел Жанасова таныстырды. Президент кеңесшісі Қытайдан Әзербайжанға тасымал көлемінің ұлғаюы Орта дәліздің дамуына тың серпін бергені жөнінде баяндаған. Қазір жүк Қытай шекарасынан Грузия порттарына дейін 15–18 күнде жеткізіледі. Болжамға сәйкес, 2030 жылға қарай бұл бағыттағы жүк айналымы үш есе артуы мүмкін. Бұл Қазақстан мен Әзербайжанға ғана емес, Қытай мен Еуроодаққа да тиімді жоба. Сондықтан барлық мүдделі тараптар «Орта дәлізді» дамытуға күш салады.

Пердехан ШӘМШИЕВ,  
сарапшы.





ЕҢБЕК АДАМЫ

# БЕЙБІТ КҮННІҢ БАТЫРЛАРЫ

**Құтқарушы болу – бейбіт замандағы ең беделді әрі жауапты жұмыстардың бірі. Елімізде адам өмірін құтқарамын деп өз өмірін бәйгеге тігетін бұл батырлардың ерлігі мен ерен еңбегі ескерусіз емес.**

Досбол  
АТАЖАН

Құтқарушылар күніне орай Ақордада Мемлекет басшысы біршама құтқарушыларды арнайы марапаттады. Олардың қатарында – Алматы құтқару қызметінің құтқарушылары – Серік Жаңғақов пен Амиран Ахмедов бар. Екеуі де «Ерлігі үшін» медалімен наградталды. Бірінші санаттағы құтқарушы, үшінші разрядтағы альпинист Амиран Ахмедовтың бұл мамандықты таңдағанына 15 жылдан асқан. Ол 2009 жылы волонтер ретінде тәжірибеден өтіп, 2010 жылы ресми жұмысқа қабылданған. Сол уақыттан бері ол талай адамның өмірін сақтап қалуға себепші болды. Жарақат алған адамды арқалап жүріп, қауіпсіз жерге түсірген кездерді де болған.

– Бірде Үлкен Алматы көліне бара жатқан қыз тау жолында адасып, жартасты беткейіне шығып кетіпті. Қия бетте аяғын да сындырып алған. Оны жолға дейін көлік немесе арқанмен сырғытып жеткізу мүмкін болмады. Соңында серіктеріммен кезектесіп жедел жәрдем көлігіне дейін арқалап жеткіздік, – дейді **Амиран АХМЕДОВ**.

Оның айтуынша, қиындықта қалған адамдарды құтқарамын деп жүріп, өздерінің де өміріне аса қауіп төнетін кездер болады. Құтқарушы сондай сәттердің бірін есіне алды:

– 2016 жылы Польшадан келген турист



өз бетінше тауға шығып, қолайсыз ауа райында қайтар жолды таба алмай қалған. Біз 30 адамдық топ дайындап іздеуге кіріскенбіз, алайда өзіміз боранға қалып қойдық. Қарлы боран мен суық ауа райы іздеу жұмысын жалғастыруға мүмкіндік бермеді. Тік ұшақ та келе алмады. Біз жерді 2 метрге дейін қазып, соның ішінде паналауға тырыстық. Қарлы боран басылған соң, іздестіру жұмысы 2 күнге созылды. Өкінішке қарай, шетелдік туристі құтқару мүмкін болмады. Оның денесін таудан түсіріп, туыстарына тапсырдық. Осы оқиға кезінде таудың қандай екенін түсіндім. Онда ауа райы бір сәтте өзгеріп кетеді, – деді құтқарушы.

Амиран Ахмедов Президент қолынан алған марапат бұл тек қана жеке жетістігі емес, жалпы құтқарушыларға көрсетілген құрмет деп түсінетінін атап өтті. Бұл пікірді «Ерлігі үшін» медалін алған Серік Жаңғақов та құптады. Осы салада жүргеніне 15 жыл-

дан асқан тәжірибелі маман ең жоғары деңгейде марапат алу – құтқарушылар ұжымы үшін ортақ қуаныш екенін айтты: «Әріптестерім үшін қуаныштымын. Жұмысымызды елеп-ескеріп, жоғары деңгейде бағалап жатқанына алғыс айтамыз».

Сонымен қатар, Алматы құтқару қызметінің бірінші санаттағы құтқарушысы бір жұмыс күні қалай өтетінін түсіндірді.

– Бізде таңғы сағат 8.00-де ауысым басталады. Бір тәулік жұмыс істеп 3 күн демаламыз. Бірақ 1 күн демалғаннан кейін дайын жүруің керек. Себебі, төтенше жағдайларда қосымша күш қажет болуы мүмкін. Ал жаңа ауысымға түскен соң, алдымен медициналық тексерістен өтіп, қауіпсіздік ережелерімен танысамыз. Кейін жеке жабдықтарымызды және техниканы тексереміз. Біз альпинист құтқарушылар таудағы бақылау-құтқару пунктеріне барып, қажет болған жағдайда жылдам әрекет етуге дайын отырамыз, – деді ол.



Серік Жаңғақовтың айтуынша, қазір Алматы тауларында құтқару-ізвестіру жұмыстары өте жиі жүреді. Себебі, адамдар арнайы дайындықсыз, өз күштерін шынайы бағаламай тауға шығады.

– Кейінгі кезде жұмысымыз арта түсті. Бір тәулікте 3-4 шақыртуға баратын кездер болады. Оның себебі, менің байқағаным бойынша, адамдар әлеуметтік желіден әдемі бейнежазбаларды көріп, тауға шығу оңай деп ойлайды. Сөйтіп, жеңіл киіммен шығып кетеді. Азық-түлік, су, жылы киім өзімен бірге алмайды. Екіншіден, маршрутты дұрыс білмейді. Одан бөлек, қайда бара жатқанын ешкімге айтпайды. Мұндай қателіктер қайғылы жағдайға әкелуі мүмкін. Тауда тез күн қатып, ауа райы жылдам өзгереді. Адамдар оны да ескермейді. Сондықтан біз түнгі уақытта жиі жұмыс істейміз, – деді **Серік ЖАҢҒАҚОВ**.

МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА

## МЕГАПОЛИС МЕДИЦИНАСЫ

### Жедел жәрдем қызметіне 50 жаңа көлік табысталды

**Республика күні қарсаңында Алматының Жедел медициналық жәрдем қызметі 50 жаңа арнайы көлікке ие болды. Заманауи көліктердің кілтін мегаполис басшысы Дархан Сатыбалды табыстады.**

Нұржамал  
ӘЛІШ

Автопарк құрамына берілген 50 көліктің 12-сі – С класты реанимобиль, ал 38-і санитарлық «жедел жәрдем». Барлығы да заманауи медициналық құрылғылармен толық жабдықталған және халықаралық талапқа сай келеді. Жоба мемлекет қолдауымен жүзеге асты.

Қала басшысы автопарктың жаңаруы Алматыдағы денсаулық сақтау жүйесін модернизациялау аясындағы маңызды қадам екенін айтып, бұл іс-шара шұғыл медициналық көмектің сапасы мен жеделдігін арттыруға мүмкіндік беретініне тоқталды.



«Алматы – еліміздегі ең ірі әрі қарқынды дамып келе жатқан мегаполис. Мұнда тұрғындарға уақытылы әрі сапалы медициналық көмек көрсету ерекше маңызды. Заманауи технологиялармен жабдықталған жаңа автокөліктер дәрігерлер мен жүргізушілерге сенімді көмекші болады. Сіздердің еңбектеріңіздің арқасында күн сайын мыңдаған адамның өмірі

құтқарылады. Біз сіздердің кәсіби шеберліктеріңізді және халыққа адал қызметтеріңізді жоғары бағалаймыз», – деді Дархан Сатыбалды.

Бүгінде Алматы қаласының Жедел медициналық жәрдем қызметі 14 бекет пен 188 шұғыл қызмет бригадасынан тұрады. Диспетчерлік орталық тәулігіне шамамен, 3 мың қоңырау қабылдайды, ал бригадалар күніне 2600-ге жуық шақыртуға шығады.







Бүгінгі таңда мегаполисте білім, медицина, мәдениет, спорт және тұрғын үй салалары бойынша жүздеген жоба жүзеге асырылуда. Бұл туралы Алматы қаласы әкімінің орынбасары Бейбіт Шаханов Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте айтты.

# ЖАҢА



Құралай  
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

## 24 БІЛІМ НЫСАНЫ БОЙ КӨТЕРДІ

Алматыда мектеп тапшылығы алты есе азаяды. Бұл туралы Алматы қаласы әкімінің орынбасары Бейбіт Шаханов мәлімдеді. Оның айтуынша, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сай үш ауысымды оқытуды және сыныптардың шамадан тыс толуын жою – қаланың басым міндеттерінің бірі.

«Сапалы білім беруге қолайлы жағдай жасау – стратегиялық мақсат. Әр бала қауіпсіз әрі заманауи ортада оқуы үшін жаңа мектептер салып, бар ғимараттарды жаңартып жатырмыз», – деді Б.Шаханов.

Биыл мегаполисте 24 жаңа білім нысанының құрылысы аяқталды. Президент бастамасымен жүзеге асып жатқан «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 22,5 мың оқушыға арналған 12 жаңа мектеп бой көтерді. Оның жетеуі жаңа оқу жылының басында пайдалануға берілсе, қалғаны «Құрамыс», «Шұғыла», «Қарағайлы» шағынаудандарында және С.Әшімов пен Егізбаев көшелерінде салынып жатыр. Сондай-ақ, жеке инвесторлар есебінен 11,7 мың оқушыға арналған 8 нысанның құрылысы жүрде. Бұл мектептерді қала әкімдігі сатып алып, келесі жылы іске қосуды жоспарлап отыр.

Қазір 17 мектепте реконструкция мен сейсмокүшейту жұмыстары жүргізілуде, 5 оқу орны толық жаңартылды. Тағы 30 нысанның жөндеу жобалары дайындалып, оның 26-сы «Мектептерді реновациялау» бағдарламасы аясында іске аспақ. Кешенді шаралардың нәтижесінде 2025 жылдың соңына қарай қаладағы оқушы орны тапшылығы 34 мыңнан 5-6 мыңға дейін азаяды. «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында техникалық мамандықтардың беделін арттыру үшін қалада 1770 орынды және 418 жатақхана орны бар екі колледж салынып жатыр. Олар телекоммуникация, машина жасау және инновациялар бағытындағы мамандарды даярлайды.

## МЕДИЦИНА ЖҮЙЕСІ ЖАҢҒЫРТЫЛЫП ЖАТЫР

Алматылықтардың денсаулығын қорғау – қала әкімдігінің басты міндеттерінің бірі. Мегаполисте 2030 жылға дейін 46 медициналық нысанды дамыту бағдарламасы жүзеге асырылып жатыр. Оның ішінде 32 жаңа және 14 ескі нысанды жаңғырту көзделген.

«Біздің мақсат – әр тұрғын өз үйінің жанында сапалы медициналық көмек ала



## Алматыда әлеуметтік инфрақұрылым нысандарының құрылысы қарқын алды

алатындай жағдай жасау. Барлық жобалар қолайлылық пен заманауи қызмет көрсетуге бағытталған», – деді Б.Шаханов.

Қазірдің өзінде қалада 8 жаңа медициналық нысан салынып жатыр. Ал №16 емхана, №4 және №7 қалалық клиникалық ауруханаларында сейсмикалық күшейту және қайта жаңарту жұмыстарын жыл соңына дейін аяқтау жоспарланған.

Келесі жылы 30 жаңа нысанның құрылысы басталады. Олардың жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленіп жатыр. 2026 жылы I тоқсанда «Алатау» қалалық емханасы мен №2 перзентхана, «Думан» шағынауданындағы емхана қайта жаңартылып, II тоқсанда 300 төсекке арналған көпбейінді аурухана, Балалар жедел медициналық жәрдем орталығы, №2 Балалар ауруханасы, онкоорталық және 200 төсекке арналған перинаталдық орталықтың құрылысын бастау жоспарда бар.

«Бағдарлама нәтижесінде қалада заманауи, ыңғайлы және теңгерімді ауруханалар жүйесі қалыптасады. Бұл медициналық көмекті барлық тұрғындарға қолжетімді әрі жайлы етеді», – деп атап өтті әкім орынбасары.

## ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

Тұрғын үй құрылысы да қаладағы қарқынды ілгерілеген сала. Қала әкімінің орынбасары ұзақ жылдар бойы пәтер кезегінде тұрған көптеген тұрғындар бүгінде өз баспаналарына қол жеткізгенін айтты.

«Қазір «Қалқаман-2» шағынауданында 594 пәтерлі 7 үй салынып жатыр. Кезекте тұрған азаматтар келесі жылы жаңа пәтер алады», – деді Б.Шаханов.

Мемлекеттік жалдамалы тұрғын үй бағдарламасы бойынша бүгінде 885 пәтер сатып алынды. Жыл соңына дейін тағы 2265 пәтер алу жоспарланған. Сонымен қатар, ескі үйлерді жаңарту жұмыстары жалғасуда. Биылдың өзінде 390 отбасы жаңа пәтерге көшті. Кейбір тұрғындарға жаңа баспана берілсе, кейбіріне үйлерінің нарықтық бағасына сай өтемақы төленді. Қоныс иелері Түркісіб, Жетісу, Алмалы, Алатау, Әуезов, Медеу және Бостандық аудандарында жаңа пәтерлерге ие болды.

Жыл басынан бері 12 апатты ғимарат сүрілді, жыл соңына дейін тағы 6 үйді бұзу жоспарланған. Нәтижесінде 2025 жылдың соңына қарай қоныс аударған тұрғындар саны 667 адамға жетеді.

«Тұрғын үйлерді жаңарту – бұл тек ескі ғимараттарды бұзу емес, бұл қаланың экологиясын жақсартып, алматылықтардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған кешенді жұмыс», – деп атап өтті әкім орынбасары.

## ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫНДА ТӘРТІП КҮШЕЙДІ

Алматыда құрылыс сапасын арттыру және тұрғындардың құқығын қорғау бойынша бақылау күшейіп отыр. «Әкімдіктің басты міндеті – құрылыс саласында тәртіп орнату және заң бұзушылықтарға жол бермеу. Әсіресе, үлестік қатысу арқылы тұрғын үй салу бағыты ерекше бақылауда», – деді спикер. Оның айтуынша, құрылыс компанияларының жұмысы тұрақты түрде тексеріледі. Сапа, мерзім және келісімшарт талаптарының орындалуы қатаң бақылауда. Егер заң бұзушылық анықталса, айыппұл салынып, қажет болған жағдайда құрылыс

тоқтатылады. Жоба басталар алдында барлық рұқсат құжаттары мен қаржылық кепілдіктер тексеріледі. Сонымен қатар, қала әкімдігі сенімді құрылыс компанияларының ашық тізімін жүргізіп, оны үнемі жаңартып отырады.

«Кейбір мердігерлер өз міндеттерін дұрыс орындамайды. Соның кесірінен мектептер мен балабақшалардың құрылысы кешігеді. Біз мұндай жағдайларға жол бермейміз», – деді Б.Шаханов.

Биыл екі компания – «СК 7 Строй» ЖШС және «AsiaMax» ЖШС лицензиясынан айырылды. Ал «СК MEGARON» ЖШС мен «Құрылысшы-ТБС» ЖШС бойынша тексеру жүргізілуде. Сондай-ақ, «Алатау сапа құрылыс» ЖШС техникалық қадағалау құқығынан айырылды. «Құрылыс саласында жауапкершілікті күшейту – тұрғындардың қауіпсіздігі мен сенімін арттырудың басты шарты», – деп түйіндеді әкім орынбасары.


## МӘДЕНИЕТ ПЕН СПОРТ: РУХАНИ ДАМУҒА ЖАҒДАЙ ЖАСАЛАДЫ

Алматыда мәдениет және спорт инфрақұрылымын жаңарту бағытында үлгі болып келеді. Қала әкімінің орынбасары Бейбіт Шахановтың бұл нысандардың барлығы тұрғындардың өмір сапасын арттыруға және қаланың мәдени-рухани бейнесін жаңғыртуға бағытталғанын атап өтті. «Біз тарихи және мәдени нысандарды жаңартып, оларды халықтың рухани өмірінің орталығына айналдыруды көздейміз», – деді әкім орынбасары.

Қазір мәдениет саласында үш ірі нысанның жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Оның ішінде «Райымбек батыр» мемориалдық кешені толық жаңартылып, елдің тарихи және мәдени өмірінде маңызды ағартушылық орталыққа айналады. Наурыз айында Н.Сац атындағы театрдың кешенді жаңартылуы басталды. Театрдың тарихи келбеті сақталып, көрермендер залы 226 орынға дейін кеңейеді. Сондай-ақ, Қазақстан Жазушылар одағының ғимаратын жаңарту жұмыстары 2026 жылдың басында аяқталады.

Қалада қосымша үш жаңа мәдени нысанның – Жастар театрының, Цирк пен Зообақтың жобалау жұмыстары басталды. Жастар театрының құрылысы 2026 жылдың наурызында қолға алынады.

Биыл Наурызбай және Түркісіб аудандарында олимпиадалық бассейндері бар екі спорт кешенінің құрылысы басталады. Келесі жылы «Саялы», «Ақжар», «Қарасу» және «Шұғыла» шағынаудандарында тағы төрт кешен салынады. Қалада 35 мың көрерменге арналған жаңа футбол стадионының құрылысына ерекше назар аударылуда. Ол UEFA-ның 4-санат талабына сай болмақ. Сонымен қатар, «Медеу» спорт кешенін жаңарту жұмыстары басталып, екі жылда халықаралық деңгейдегі спорттық-туристік орталыққа айналады. «Алматы – ел спортының орталығы. Біз спорт пен мәдениет нысандарын жаңғырту арқылы тұрғындардың денсаулығы мен рухани дамуына жағдай жасаймыз», – деді Бейбіт Шаханов.







# АЛМАТЫ ЭКОНОМИКАСЫ

## Өсімнің құпиясы неде?

Гүлжанат  
СЕМБАЕВА

**Мегаполис экономикасы өсім қарқынын ұстап тұр. Алматы елдің ең ірі қаржы және бизнес орталығы ретінде экономикалық өсімнің негізгі тірегіне айналды. Қалада құрылыс, сауда, қызмет көрсету және көлік-логистика салалары белсенді.**

**Сонымен қатар, цифрлық технологиялар мен креативті индустриялар да экономиканың жаңа бағыттары ретінде қалыпта-сып келеді.**

Соңғы кездері жаңа қарқын көрсеткен саланың бірі – өнеркәсіп өндірісі. Саладағы нақты көлем индексі 114,1 пайызға жеткен. Әсіресе, 16,2 пайыздық өсіммен өңдеу өнеркәсібі айқын көзге түседі. Құрылыс секторында орындалған жұмыстардың жалпы көлемі 200,4 млрд. теңгені құрап, 24 пайыздық өсім тіркелді. Соның нәтижесінде 1,1 миллион шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға берілді.

Сауда саласында да оң динамика сақталған. Жалпы өсім 4,4 пайыз болса, соның ішінде бөлшек сауда – 7,9 пайызға, ал көтерме сауда – 3 пайызға артқан.

Көлік және қойма қызметінің көлемі 24,4 пайызға ұлғайды, бұл Алматының логистикалық әлеуеті мен іскерлік белсенділігінің артып келе жатқанын айғақтайды. Осыған қатар байланыс секторы 3,3 пайыздық тұрақты көрсеткішті сақтап отыр.

Жалпы алғанда, Алматы бүгінгі таңда елдің басты экономикалық, өнеркәсіптік және инвестициялық орталығы ретіндегі орнын тағы бір мәрте дәлелдеп отыр. Осы орайда, экономист-сарапшыдан биыл шаһар экономикасының негізгі өсім драйверлері қандай және қай салалар қала экономикасына ең көп үлес қосатынын сұрап көрген едік.

# «ӘР ПЕЙЗАЖ АШЫҚ ХАТТАЙ ӘСЕРЛІ»

Алматы – еуропалық басылымның назарында

**Германияның ең көне әрі беделді басылымдарының бірі – Rhein-Neckar-Zeitung (RNZ) Алматы туралы көлемді мақала жариялап, біздің мегаполисті «мәдениеттердің қайнаған қазаны» деп бағалаған. Соған қоса, басылым Алматыны еуропалық саяхатшыларға жаңа туристік бағыт ретінде ұсынған.**

Мақала авторы Каспер Эстеррайх Алматының қарқынды дамып келе жатқанын және Қазақстанның өңірдегі ең қызықты туристік бағыттардың біріне айналғанын атап өткен. «Қазақстан түрленіп келеді», – деп жазады журналист атаулы мақаласында. Елдің инфрақұрылым мен туризм саласына белсенді инвестиция салып жатқанын, ал Алматының Орталық Азияның мәдени және гастрономиялық жүрегіне айналып келе жатқанын да баса белгілеп өткен.

Автордың айтуынша, қала кеңестік дәуірді, заманауи жайлылықты және табиғаттың ғажайып сұлулығын үйлестіре білген. «Мұнда әрбір көрініс ашық хаттай әсерлі. Мегаполистің қарбалас көшелерінен небәрі бірнеше шақырым ұзаған сәтте тау мен дала және Гранд-Каньонды еске салатын шатқалдар бар», – деп жазады журналист.

RNZ Алматыны «алма қаласы» деп атап, оны жайлы, өмірге толы және қуатқа толы шаһар ретінде көрсетеді. Мақалада қаладағы басты көрнекті орындар – Вознесенск соборы, Арбат, Көк базар және қалаға тыныс беретін саябақтар ерекше бейнеленеді. Неміс басылымының бұл материалы Еуропаның Қазақстанға деген қызығушылығының артып келе жатқанын айғақтай түседі.

Журналистің айтуынша, бүгінгі Алматы – бұл мегаполистің заманауи тынысы, табиғат және нағыз қазақы қонақжайлық тоғысқан әлемдік деңгейдегі қала. Rhein-Neckar-Zeitung (RNZ) – Германияның 80 жылдан астам тарихы бар ең көне басылымдарының бірі. Гейдельберг қаласында орналасқан газет елдің түкпір-түкпірінде кең аудиторияда тарайды. Басылым саяхат, мәдениет пен іскерлік қауым арасында сенімді ақпарат көзі ретінде танымал.

Әзірлеген Нұржамал ӘЛІШ.

## ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Айбар ОЛЖАЙ,  
ЭКОНОМИСТ:

### Алматы сыртқы нарыққа тәуелді емес

Қаланың экономикасы сервистік бағытқа негізделген. Бұл – ең тұрақты экономика. Себебі, Алматы экономикасы сыртқы нарықтағы мұнай, металл немесе басқа да шикізат бағаларына тәуелді емес. Баға құбылмалы болған жағдайда да қала экономикасында айтарлықтай өзгеріс болмайды. Бұл оның тұрақтылығы мен нарықтық икемділігін көрсетеді. Экономикалық көрсеткіштерге сүйенсек, Қазақстан бойынша адам басына шаққандағы ішкі жалпы өнім шамамен, 15 мың долларды құраса, ал Алматыда бұл көрсеткіш 25 мың доллардан асады. Демек, алматылықтардың әрқайсысы еліміздің өзге өңірлеріндегі тұрғындарға қарағанда әлдеқайда көбірек өнім өндіреді.

Алматы экономикасының негізін шағын және орта бизнес құрайды. Қаланың жалпы экономикасындағы ШОБ үлесі үштен бір бөлікті алып отыр. Бұл сектордың дамуы қалалық бюджеттің негізгі салықтық түсімдерін қамтамасыз етеді. Алматыда ірі шикізаттық зауыттар мен фабрикалар жоқ, бірақ шағын өндіріс пен тамақ өнеркәсібі жақсы дамыған. Осы бағыттарда қала айтарлықтай даму динамикасын көрсетіп келеді. Сондықтан Алматы үшін шағын және орта бизнесті дамыту, оған қолайлы жағдай жасау маңызды. Себебі, қала экономикасының «іргетасы» саналатын салық түсімдерінің басым бөлігі осы бизнестен құралады.

Қалада бизнесті қолдауға арналған жергілікті бағдарламалар мен құралдар жүйесі ұзақ жылдан бері сәтті жұмыс істеп келеді. Бұл шаралар нәтижелі деп айта аламын. Басқа өңірлермен салыстырғанда Алматыдағы кәсіпкерлер өздерін анағұрлым тұрақты сезінеді. Себебі, қалада тұтынушылар базасы кең, әрі ол тек алматылықтармен шектелмейді. Қазақстанның барлық өңірінен келетін клиенттер бар. Екіншіден, салық төлеу бойынша, инфрақұрылым және бизнесті дамытуға арналған белгілі бір кодекс ережелері қалыптасқан. Кәсіпкерлер өз ісін қалай жоспарлау, стратегиясын қалай құру керекін жақсы біледі. Осының бәрі Алматыны ел экономикасының ең белсенді орталығы ретінде айқындайды.

## ҒЫЛЫМИ АЛАҢ

# ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ШЫҒЫС ЕЛДЕРІ

35 жылдық табысты қарым-қатынас талқыланды

**Алматыдағы Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтында Республика күніне арналған ғылыми-теориялық конференция өтті. Халықаралық конференция «Қазақстан және Шығыс елдері: тарихи өзара іс-қимыл және ынтымақтастық перспективалары» деп аталды.**

Ернұр  
РЫСБАЙ

Ғылыми отырыста Қазақстанның Тәуелсіздік декларациясы жарияланғаннан бергі 35 жыл ішінде Шығыс елдерімен жүргізген тарихи, мәдени, экономикалық және өркениеттік байланыстары талқыланды. Іс-шара аясында «Шығыс-Батыс» және «Солтүстік-Оңтүстік» өркениеттік диалогы, түркі әлемінің қазіргі геосаяси кеңістіктегі рөлі, өңірлік қауіпсіздік, тұрақты даму және мәдениетаралық ынтымақтастық мәселелері талқыланды.

Конференция жұмысына отандық және шетелдік шығыстанушылар, тарихшылар, саясаттанушылар, мәдениет және ғылым қайраткерлері қатысты. Ғалымдар өркениеттер тоғысындағы Қазақстанның тарихи миссиясын, сондай-ақ Шығыс елдерімен стратегиялық және гуманитарлық серіктестіктің келешегін саралады.

Жиында мәдени мұраны сақтау мен ғылыми байланыстарды нығайтудың маңызы да сөз бол-

ды. Шығыстану институты жанындағы Тарихи материалдарды зерттеу орталығының директоры, тарих ғылымының докторы, профессор Меруерт Әбусейітова сөзінде:

– Соңғы жылдары біздің институт археографиялық бағыттағы зерттеулерге басымдық беріп келеді. Археографиялық экспедициялар нәтижесінде Ұлыбритания, Франция, Германия, Швейцария, Қытай, Үндістан және өзге елдердің мұрағаттарынан көптеген сирек құжаттардың көшірмелері алынды. Бұл материалдар салыстырмалы талдау негізінде монографиялар мен каталогтар түрінде жарияланып отыр, – деді.

Институттың жетекші ғылыми қызметкері Болат Смағұл конференция тақырыбының өзектілігіне тоқталып, Шығыстану институтының зерттеу бағыттарын баяндады.

– Институт тек тарихты ғана емес, Шығыс елдерінің саяси және экономикалық даму бағыттарын да зерттейді. Сонымен қатар, Қазақстан мен Қы-

тай, Түркия, Иран елдері арасындағы тарихи байланыстарды зерделеуге ерекше мән беріледі. Мен өз зерттеуімде Түркияның XX ғасырдың алғашқы кезеңіндегі тарихы мен түрік тарих қоғамының құрылу себептерін қарастырамын. Бұл қоғам түрік халқының ежелгі тамырларын дәлелдеуге бағытталған маңызды ғылыми бастама болды, – деді ғалым.

Шығыстану институтының жетекші ғылыми қызметкері, Қытай және Азия тынық аймағын зерттеу орталығының меңгерушісі, география ғылымының кандидаты Қастер Сарқытқан үш жылдық ғылыми жобаның қорытындыларымен бөлісті.

Ғалымдардың айтуынша, Қазақстанның Шығыс елдерімен тарихи және мәдени байланыстарын зерделеу – өткеннің сабақтарын түсінуге, жаңа ғылыми тұжырымдар жасауға және болашақтағы ынтымақтастық бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді.

Конференция қорытындысы бойынша қатысушылардың баяндамалары мен зерттеу материалдары электронды ғылыми жинақ түрінде жарық көреді. Бұл жиын Қазақстандағы шығыстану ғылымының әлеуетін айқындап, елдің халықаралық ғылыми кеңістіктегі орнын бекіте түсті.

# «CARE DAY» ФОРУМЫ

Әлеуметтік қорғау қызметкерлері күні аталып өтті

**Түркісіб ауданында әлеуметтік қорғау қызметкерлері күніне орай ерекше шара – «Әлеуметтік Care Day – күш-қуаттың өзгеруі» форумы өтті. Басты мақсаты – қоғамда әлеуметтік қызметкерлердің рөлін арттыру және олардың еңбегінің адам өміріне тигізер оң әсерін насихаттау. Сондай-ақ, ең қиын сәттерінде көмек қолын созатын әлеуметтік қызметкерлердің еңбегін бағалайтын адамдардың жүздесуі.**

Қазіргі таңда Түркісіб ауданында 100-ден астам әлеуметтік қызметкер еңбек етеді. Олар күн сайын халықтың осал топтарымен – жалғызбасты қарттармен, мүмкіндігі шектеулі жандармен, тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарымен және көмекке мұқтаж азаматтармен жұмыс істейді. Олардың еңбегі әдетте көпшілікке көрінбегенімен, қоғам үшін өмірлік маңызы зор.

Солардың қатарында 2017 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан «Жан-Сая» дағдарыс орталығы да бар. Орталық тұрмыстық зорлық-зомбылық көрген жандарға көмек көрсетеді. Жыл сайын қазанның соңғы жексенбісінде аталып өтетін кәсіби мереке әлеуметтік саладағы мамандардың еңбегін дәріптейтін маңызды кезең деп санайды орталықтың қызметкері Зульфия Омарова.

– Бүгінгі форумда әлеуметтік қызмет саласында жұмыс істеп жүрген қызметкерлердің еңбегін бағаланып, марапатталды. Көпшілік бұл саланы жәй ғана көмек көрсететін, көзге көрінбейтін бағыт деп ойлайды. Алайда, қазіргі таңда бұл бағыттың дамуына айтарлықтай үлес қосылып жатыр. Мемлекет тарапынан заманауи және цифрлық платформалар іске қосылып, әлеуметтік қызметкерлердің жұмысын жеңілдетуге елеулі көмек беріп отыр, – деді Зульфия Омарова.

«Care Day» форумы – әлеуметтік қызметкерлердің шынайы еңбегін көріп, естіп, түсінудің және олардың адамдар өмірін қалай өзгертетінін сезінудің тамаша мүмкіндігі болды. Бұл іс-шара сондай-ақ, қиын жағдайға тап болған жандарға қолдау көрсету тәсілдерін талқылауға арналған ашық алаң болды.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.





# ЖАҒАНДЫҚ ДИАЛОГ ОРТАЛЫҒЫ

Алматыда UN Tourism-нің алғашқы өңірлік конференциясы өтті

**А**лматы – еліміздің мәдени, экономикалық және туристік орталығы. Табиғи сұлулығы, тарихи мұралары мен заманауи инфрақұрылымы оны елдегі ең ірі туристік бағыттардың біріне айналдырып үлгерді. Сондықтан да туризм саласындағы әйелдердің көшбасшылығына арналған UN Tourism-нің алғашқы өңірлік конференциясы да Алматыда өтті. Кейінгі жылдары туризм саласының дамуында әйелдердің қосқан үлесі де ерекше байқалуда. Олар кәсіпкер, гид, дизайнер, туроператор, қонақ-үй иесі, қолөнер шебері секілді түрлі бағыттарда қызмет атқарып, өңірдің туристік әлеуетін арттыруда.

## Кәсіптің нәсібі

Алматыда туризм саласында жұмыс істейтін шағын және орта бизнес өкілдерінің басым бөлігі – әйелдер. Олар экотуризм, этнотуризм, гастрономиялық туризм және мәдени туризм бағыттарында табысты жобаларды жүзеге асырып жүр. Мәселен, экотуризм саласында әйелдер жетекшілік ететін бірнеше компания «Іле Алатауы» ұлттық паркінде жаяу серуен, таулы велошеру және табиғи демалыс бағыттарын ұйымдастырады. Этнотуризм бағыты бойынша әйел шеберлер мен кәсіпкерлер ұлттық қолөнер бұйымдарын насихаттап, туристерге қазақ мәдениетін таныстырады. Ал гастротуризмде әйел аспаздар мен мейрамхана иелері ұлттық тағамдарды жаңа форматта ұсынып, қала брендіне айналдыруда.

Туризм тек экономикалық емес, мәдени және әлеуметтік дамуға да ықпал етеді. Алматы әйелдері қоғамды дамыту мақсатында түрлі мәдени фестивальдер, шеберлік сабақтарын, халықаралық жәрмеңкелер ұйымдастырып, қала имиджін жақсартып жүр.

Қазіргі күні Алматыда туризм мамандарын даярлайтын жоғары оқу орындары мен колледждерде студент қыздардың да үлесі жоғары. Бұл келешекте туризм саласында кәсіби әйел кадрлардың көбеюіне ықпал етері анық.

Сонымен қатар, қала әкімдігі мен халықаралық ұйымдар әйелдерге арналған туризм саласындағы кәсіпкерлікті қолдау бағдарламаларын іске асыруда. Мұндай бастамалар әйелдердің қаржылық және басқарушылық дағдыларын арттырып, олардың бәсекеге қабілеттілігін күшейтеді.

## Мүмкіндіктер көкжиегі

Кеше Алматы төрінде БҰҰ-ның Еуропадағы туризм саласындағы әйелдердің құқығы мен мүмкіндіктерін кеңейтуге арналған Өңірлік алғашқы конференциясы өтті. 400-ден астам қыз-келіншек қатысқан ауқымды іс-шараны жаһандық Central Stage бастамасының шеңберінде БҰҰ-ның Туризм ұйымы (UN

## Дерек пен дәйек

- Елімізде қызмет көрсету саласындағы кәсіпкерлердің 60%-ы – әйелдер.
- Алматыда 25 000-нан астам әйел туризм мен қонақжайлылық саласында жұмыс істейді.
- Былтыр мегаполиске 1,3 миллион турист келген. Бұл көрсеткіш алдыңғы жылмен салыстырғанда, 19%-ға жоғары.
- Әйелдер көбіне шағын бизнес пен бейресми секторда еңбек етеді.
- Еуропадағы туризм саласындағы басқарушылардың тек 12%-ы – әйелдер.

Tourism), Алматы қаласының әкімдігі және Almaty Tourism Bureau бірлесіп ұйымдастырды.

Конференцияда халықаралық ұйымдар, қала билігі және туристік индустрия өкілдері туризмнің тұрақты дамуы, цифрландыру, мәдени мұраны сақтау және әйелдердің рөлін арттыру мәселелерін талқылады.

Конференцияда мінберінде сөз алған сарапшы мамандар бұл бастаманың Қазақстанда көтерілгенін және алғашқы конференцияның дәл Алматыда өткенін зор мәртебе екенін атап өтті. Иә, мегаполис бүгінде Орталық Азияның жетекші туристік орталығы саналады және UN Tourism ұйымының Central Stage бағдарламасының басты алаңына айналған.

Аталмыш конференция Алматының халықаралық беделін нығайтып қана қоймай, өңірдегі тұрақты және инклюзивті туризмнің дамуына серпін береді дейді сарапшылар. Сондай-ақ, олар бұл тақырыптың неліктен маңызды екендігіне тоқталды.

Туризм – экономикадағы «әйелдерге тән» салалардың бірі. Дегенмен, бұл бағытта жүрген қыз-келіншектер әлі де бірнеше қиындыққа тап болуда. Атап айтсақ, туризм саласында жұмыс істейтіндердің 54%-ы – әйелдер, бірақ басқару лауазымдарында олардың

үлесі өте аз; әйелдер көбіне бейресми, маусымдық және төмен жалақысы бар жұмыстарда еңбек етеді; қаржылық, цифрлық технологиялар мен оқытуға қол жеткізу мүмкіндігі шектеулі; мәдени стереотиптер де кедергі; «ерлерге тән» салаларда (көлік, экстрим-туризм, IT, мемлекеттік басқару) қатысуы төмен. Міне, конференция көтерген тақырыптар осы.

## «Алматы үндеуі» қабылданды

Конференцияда туризм саласындағы гендерлік стереотиптер мен кедергілерді еңсеру, цифрлық теңсіздікті азайту, технологиялардың әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейтуге әсері, әйелдер кәсіпкерлігі мен көшбасшылығын қолдау, табысты тәжірибелермен алмасу және инклюзивті тәсілдерді енгізу мәселелеріне арналған панельдік сессиялар, талқылаулар, кейс-стади болды. Онда әйел кәсіпкерлігінің халықаралық тәжірибесі қозғалды. Орталық Азиядан шыққан әйел көшбасшылардың тарихы баяндалды.

Спикерлер қатарында алматылық белсенді қыз-келіншектер, атап айтсақ, SolQyz әйелдер қауымдастығының негізін қалаушы Ада Дуссали, Air Astana әуе компаниясының ұшқышы Ажар Несіпбаева, аспаз әрі кәсіпкер Светлана Ханинаева, Almaty ElectroTrans өкілі Гүлзипа Қоянбаева және отандық туризмнің дамуына үлес қосып жүрген өзге де белсенді әйелдер сөз сөйлеп, тәжірибелерімен бөлісті.

Конференция соңында туризм саласында әйелдердің мүмкіндіктерін арттыруға арналған «Алматы үндеуіне» қол қойылды. Құжатта әйелдер кәсіпкерлігін дамыту, білім беру бастамаларын қолдау және тұрақты туризм қағидаттарын ілгерілету іс-шаралары көзделген.

Әйелдердің белсенділігі мен көшбасшылығы Алматының тұрақты және инклюзивті туризмінің дамуында елеулі рөл атқаратыны сөзсіз. Қыз-келіншектердің туризмдегі рөлін арттыру – тек гендерлік теңдік мәселесі емес, сонымен қатар аймақтың экономикалық және әлеуметтік дамуына серпін беретін маңызды бағыт.

Нұржамал  
ӘЛІШ.



## САРАПШЫ ПІКІРІ

**Зорица УРОШЕВИЧ,**  
UN Tourism ұйымының  
атқарушы директоры:

## Мегаполис – туризмнің айнасы

Алматы – болашақ туризмнің айнасы. Мұнда экономикалық даму мен әлеуметтік жауапкершілік қатар жүреді. Қала инклюзивті және тұрақты туризм қағидаттарын белсенді түрде дамытып келеді. Былтыр Алматыға 1,3 миллион турист келген. Бұл көрсеткіш алдыңғы жылмен салыстырғанда, 19%-ға жоғары. Қазақстан бойынша 10,5 миллион азамат ішкі турист саналады. Елдің Дүниежүзілік туризм бәсекеге қабілеттілік индексында 66-орыннан 57-орынға көтерілуі туризмнің даму қарқынын көрсетеді. Біздің міндетіміз – туризмді ашық әрі халыққа қолжетімді ету. Әйелдердің рөлін арттыруға арналған бұл конференция – осы бағыттағы маңызды қадам.

**Ақмарал ЕСЖАНОВА,**  
Алматы қаласы Туризм  
басқармасы басшысының  
орынбасары:

## Қыз-келіншектер үлесі жоғары

Бұл халықаралық іс-шара – Алматының тең мүмкіндіктер мен тұрақты даму бағытындағы нақты үлесі. Әйелдердің көшбасшылығын және кәсіпкерлік әлеуетін қолдау – бүкіл туризм саласының өсуіне серпін береді. Шын мәнінде, біздің шаһар әлемнің түкпір-түкпірінен келетін саяхатшылар үшін тартымды орталыққа айналғалы бірталай жыл. Тау курорты мен экотроптар дамып келеді. Инфрақұрылым жаңартылуда. Фестивальдар, гастро-туризм, мәдени іс-шаралар – мұның бәрі қала имиджін көтере түседі.

Алдағы уақытта мүлдем жаңа жобаларды қолға аламыз: курорттарды жаңғырту, вело және жаяу маршруттарды дамыту, әрбір қонақ үшін қолайлы орта құруды көздеп отырмыз. Осы жобалардың басым көпшілігінде алматылық қыз-келіншектердің үлесі орасан болары сөзсіз.





## ҚАРТТАР АЙЛЫҒЫ

## «БІЗДІҢ ҚАЗАҚСТАН»

Зейнеткерлер туындысы көрмеге қойылды

«Art Galaxy Alma-Ata» галереясында «Біздің Қазақстан» атты көркем туындылары қойылды. Мұндай көрмені Қарттар айлығына орай «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығындағы қызмет алушылар ұсынған.

Дана  
САДЫРҚАН

«Белсенді ұзақ өмір сүру» орталықтары бейнелеу өнері мен кескіндемеге қоса әртүрлі курсты да ұсынды. Қала орталығында Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Марлан Нысанбаев сабақ береді. Суретшінің айтуынша, аталмыш көрме биыл төртінші рет өтіп отыр. Маман ретінде Марлан Нысанбаев оқушы-зейнеткерлерге бейнелеу өнері жайлы әңгімелеп, пленэр, шеберлік сабақтарын жүргізді. Әрі мұражай мен көркем галереяларды аралады.

«Біздің Қазақстан» көрмесінде 62 мен 85 жас аралығындағы оның шәкірттерінің 75 жұмысы қойылған. Бұл пейзаждар Алматы қаласын, зейнеткерлердің туған жерін, еліміздің қайталанбас табиғи сұлулығын бейнелейді. Көптеген көрініс көрерменге таныс. Жұмыстар орындалу техникасымен таңқалдырды.

Сондай-ақ, «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының Бостандық ауданы бөлімі зейнеткерлерінің 16 жұмысы қойылды.

«Біздің Қазақстан» – Отанға деген сүйіспеншілікті көрсететін көрме. Әрбір кенепте қазақтың кең даласы, таулардың асқақтығы, қалалардың энергиясы бейнеленген. Бұл заманауи бояуы мен ырғағы және туған өлкеміздің тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті білдіреді.

«Мен сурет салудан шабыт аламын, – дейді көрмеге қатысқан зейнеткер Мунавар Хаирова, – көрмеде 3 суретім ұсынылды. Туындыларымды сатып алғысы келетін жандар болды, бірақ мен сатпадым. Натюрморт жағына жақын болғандықтан, жеміс-жидектерді жиі бейнелеймін. Биыл 66 жасқа толамын. Бұл сүйікті ісімді ешқашан тоқтатпаймын», – деді зейнеткер.

Іс-шара барысында Испаниядағы фестиваль, Түркия, Қырғызстан, Біріккен Араб Әмірліктеріндегі халықаралық этнофестивальдердің жеңімпаздары, Италиядағы Халықаралық сән апталығына қатысқан «Алматы әжелері» тобының сән көрсетілімі және «Белсенді өмір сүру» орталығының мюзиклі ұсынылды.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ

## ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мақпал ҚҰДАБАЕВА,  
кескіндеме және бейнелеу өнерінің маманы:

## Бейнелеу өнеріне баулимыз

Көрмеге көбінесе натюрморт, пейзаж суреттері қойылды. Мәселен, орталығымыздың ашылғанынан бері білім алып келе жатқан зейнеткер Алма Мухамедованың жұмысы бірден көзге түседі. Бізге келмес бұрын қолына бірде-бір рет қылқалам ұстап көрмеген кісі небәрі бір жарым жылдың ішінде өзінің шеберлігін ұштады. Әлі де үйренері көп болғандықтан, алда бұдан да көлемді көрмелер күтіп тұр деп ойлаймын. «Белсенді өмір сүру» орталығының Бостандық ауданы бөлімінде ең үлкені – 82 жастағы әжеміз. Сурет салып көрмеген, шығармашылықта бала күнгі армандарын жүзеге асыра алмаған зейнет жасындағы адамдарды барынша қолдаймыз.

ТӘУЕЛСІЗДІК  
ЖАС БУЫНҒА  
АМАНАТ

## АРДАГЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ

Үлкенді сыйлау мен қарттарға құрмет көрсету – атабабадан келе жатқан салтымыз. Қазір Алматы қаласының барлық ауданында қарияларымызды қолдау айлығына орай мерекелік жиындар өтіп жатыр.

Рая  
ЕСКЕНДІР

Түрксіб ауданына қарасты №73 бөбекжай-балабақша ұжымы да осы айлық аясында әрі Республика күні мерекесіне орай, «Қазан – қамқорлық айы» атты іс-шара өткізіп, оған аталмыш мекемеде ұзақ жыл еңбек еткен Р.Демесінова, Л.Тимошенко, И.Нечаева сынды байырғы еңбек ардагерлерін қонаққа шақырды. Өздеріне таныс мекен, ыстық шаңыраққа мейман болып келген ардагерлердің көңілдері көтеріліп, жадырап сала берді. «Қарттарым – қасиетім, бақ-берекем!» атты кешті ашқан балабақша меңгерушісі Гүлбану Сатқанова нағыз еңбек адамдарына деген тілегін ізгі ықыласымен бастады.

«Аталмыш мекемеде ұзақ жыл еңбек етіп, адамгершілік

қарым-қатынастың өнегелі өлшемі бола білудің өзі осынау күрделі уақыт жүгін иық тіресе бірге еңсеріп, тәуелсіз Қазақстанды құру жолында аянбай еңбек еткен бар азаматтарының бір-біріне құрметінің жемісі», – деді балабақша меңгерушісі.

Кеш барысында кәсіби мамандардың өз ісіне зор жауапкершілікпен қарап, кішкентай балаларды еңбек ардагерлерін құрметтеуге, оларға ерте бастан кәсіптік бағдар беруге тәрбиелеп отырғаны байқалды. Балаларға ерте кәсіптік бағдар беру аясында балабақшада британдық «Кел, ойнайық, ойлайық» жобасының үздік тәжірибелері енгізілуде. Жобаның артықшылығы – мұнда балалар мамандық түрлерін сюжетті рөлді ойындар арқылы ата-аналарымен бірлесе отырып орындайды.



Республика күні қарсаңында Алмалы ауданы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Батай Қабылов бастаған зейнеткер-ардагерлер шаһардағы А.Чехов атындағы Орталық қалалық кітапхананың жас оқырмандарымен кездесті.

Нұржамал  
ӘЛІШ

Аға буын жастарға Тәуелсіздікке жету жолындағы тарихи шешімдер, егемендік декларациясы, мемлекеттік рәміздеріміздің қадір-қасиеті және адамгершілік, білім, еңбек, ұлттық рух секілді құндылықтар туралы әңгіме тиегін ағытып, емен-жарқын диалог болды.

Жастар да өз кезегінде заманауи ой-толғамдарымен бөлісті.

Республика күні құрметіне үлкен де, кіші де ән-жырдан шашу шашты. Алматы қаласы әкімінің концерттік оркестрі квартетінің (жетекшісі Мұрат Серкебаев) музыкалық шығарма-

сы аудиторияға патриоттық рух сыйлағаны анық.

Ақын Болат Шарахымбай өлеңін оқыды. «Барбент» Қазақстан күрдтері қауымдас-тығының мүшесі Бекир Оғлы Этири Мансурова, Қазақстандағы татарлар мен башқұрттар конгресінің мүшесі Камария Киямовна, «Ата yurd-nomad» әзербайжан бірлестігі төрағасының орынбасары Насиха Кенжи-на да мерекелік лебізін білдіріп, бейбітшілік бесігіне айналған еліміздің дамуына үлкен баға беріп, дарша халыққа бірлік тіледі.

Кеш соңында аға буын жас буынды Тәуелсіздік қадірін біліп жүруге шақырды.







## ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

## ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ

әлеуметтік саясаттың жаңа деңгейін анықтайды

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың IV отырысында берген тапсырмасына сәйкес, «Мүмкіндігі шектеулі балаларды кешенді қолдау туралы» заң жобасы әзірленді. Бұл құжат алғаш рет білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау салаларының өзара іс-қимылын біріктіретін кешенді тәсілге негізделіп отыр. Басты мақсат – ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алу, медициналық және әлеуметтік қызметтерге қол жеткізуін ведомствоаралық үйлестіру қағида-сымен қамтамасыз ету.

Рая  
ЕСКЕНДІР

Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Мемлекет басшысы атап өткендей, адами капиталды дамытуға бағытталған инновациялық тәсілдер әрбір баланың әлеуетін толық ашуға мүмкіндік беріп, қоғамның тең және әділ дамуына жол ашады. Дәл қазір инклюзивті білім беру – Қазақстанның әлеуметтік саясатының жаңа сапалық деңгейін айқындайтын маңызды бағыттардың біріне айналды.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысының тапсырмасымен аутизм орталықтарының желісі кеңейтіліп, балаларды туғаннан бастап мамандық алғанға дейін сүйемелдеу тұжырымдамасы бекітілді. Соңғы екі жылда оқу-әдістемелік базаны жетілдіру мақсатында 97 оқулық, 88 типтік бағдарлама және 50 әдістемелік ұсыным әзірленді.

Инклюзивті білім берудің тиімділігін арттыруда цифрландыру маңызды рөл атқаруда. Ұлттық білім беру деректер қорында арнайы модульдер іске қосы-

лып, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды қолдау жөніндегі мемлекеттік қызметтер толық автоматтандырылды. Бұл жүйе мемлекеттік ақпараттық жүйелермен интеграцияланып, процестерді айтарлықтай жеңілдетті. Нәтижесінде психологиялық, медициналық-педагогикалық консультациялардағы кезек 50 пайызға дейін қысқарды.

Баршаға мәлім, елімізде алғаш рет 2021 жылы Президенттің бастамасымен барлық баланың ерекше білім беру қажеттіліктерін ескеретін «Инклюзивті білім беру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы қабылданды. Бұл заңның ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың сапалы білім алуына, олардың құқықтарын қорғауға және мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған заңнамалық базаны айтарлықтай күшейткені де белгілі. Сонымен қатар, заң

аясында Мемлекет тарапынан инклюзивті білім беру жүйесінде барлық деңгейде оқытуға жағдай жасау кепілдіктері бекітіліп, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мен білім беру қажеттіліктерін бағалау тетіктері енгізілді. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің үш деңгейлі моделі, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балалар үшін арнайы стандарт әзірленді. Балаларды білім беру ұйымдарында сүйемелдеу және қолдау мақсатында білім беру ұйымдарының типтік штаттарына жаңа лауазымдар енгізілді.

Мұндай қолдаудың нәтижесі жеміссіз де болған жоқ. Биылғы жылдың қаңтарында Лондонда өткен Bett Show халықаралық көрмесінде Қазақстанның инклюзивті және арнайы білім беру саласындағы жетістіктері жоғары бағаланды. Бүкіләлемдік инклюзивті білім жөніндегі алғашқы Конгресті Қазақстанда өткізу туралы шешім қабылдануы да содан болса керек.

## БРИФИНГ

## БАС БОТАНИКАЛЫҚ БАҚ

экологиялық білім мен халықаралық ынтымақтастықты дамытып келеді

Алматыдағы Бас ботаникалық бақ бүгінде тек ерекше қорғалатын табиғи аймақ қана емес, табиғат пен ғылымды, өнер мен қоғамды біріктірген орталыққа айналды. Мұнда ондаған экологиялық, ғылыми, мәдени және білім беру жобалары жүзеге асып жатыр. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз конференциясында хабарланды.

Нұржамал  
ӘЛІШ

«Біздің іс-шараларға деген қызығушылық жылдан-жылға артып келеді. Егер 2021 жылы баққа шамамен, 300 мың адам келсе, былтыр бұл көрсеткіш 600 мыңға жеткен еді. Енді бізге жәй серуендеп қана қоймай, табиғатқа құрметпен қарайтын, өсімдіктерді ерекше бағалайтын адамдар келсе дейміз», – дейді бақтың маркетинг және қоғаммен байланыс бөлімінің жетекшісі Баян Қоспенбетова.

Бақ аумағында экологиялық және білім беру бағдарламала-

ры тұрақты түрде өтеді. Олардың қатарында «Білу – сүю үшін» бағдарламасы, экскурсиялар, балалар мен отбасыларға арналған шеберлік сабақтары бар. Сонымен қатар, Tabiat Labs жобасы, түрлі ашық дәрістер, «Жасыл реинджерлер клубы» мен BookКультура мәдени клубының кездесулері ұйымдас-тырылады.

Мәдени іс-шаралардың ішінде InEco Fest фестивалі, Сиверс алмасының гүлдеу мерекесі, сондай-ақ Жамбыл атындағы филармония артистерінің қатысуымен өтетін ашық аспан астындағы концерттер ерекше орын

алады. Әлеуметтік бағыттағы жобалар да жалғасуда. Мәселен, мектеп-интернат оқушылары мен «МамаПро» жобасының қатысушыларына экскурсиялар мен тегін шеберлік сабақтары өткізіледі. Қазанның соңына дейін зейнеткерлер жұмыс күндері баққа тегін кіре алады.

Ботаникалық бақ өкілдері еріктілермен де тығыз жұмыс істейді. Келушілерге биологтар мен экологтар дәріс оқиды, ал эко-волонтерлер идеяларымен бөліседі. Олар өсімдіктерді күтуге көмектесіп, түрлі жобаларға қатысады. Сонымен қатар, ондағы «Жасыл патруль» тобы бақтағы тәртіпті сақтауға жәрдемдеседі.

Елімізде өсімдіктердің «есебі» жүріп жатқаны да осы брифингте айтылды. Ботаника және фитоинтродукция институтының жоғары өсімдіктер флорасы зертханасының меңгерушісі Полина Веселованың айтуынша, 2023 жылы «Өсімдік әлемі туралы» заң қабылданғаннан кейін Қазақстанда өсімдіктердің есебі, яғни флора кадастрларын жасау басталды. Ғалымдар сирек кездесетін және жойылып бара жатқан өсімдіктерді анықтап, оларды қорғау бағытында жұмыс істеп жатыр.

Айта кетейік, Алматының Бас ботаникалық бағына келушілерден түскен барлық қаражат ғылыми зерттеулер мен табиғатты сақтау жобаларына жұмсалады. Демек, әр адам ғылым мен табиғатты қорғауға өз үлесін қоса алады.

## ОРМАНДЫ ҚОРҒАУ – ОРТАҚ БОРЫШ



Күз мезгілі – орман алқаптары үшін өрт қаупі күшейетін кезең. Ескертусіз келіп мыңдаған гектар жерлерді күлге айналдыратын орман өрті кейінгі кездері дүние жүзінде жиіледі. Күннің ыстығынан немесе оқыс оқиғадан болды деп қанша ақталғанымызбен, өртке қатысты оқиғалар көбінесе адамдардың қауіпсіздік ережелерін сақтамағандықтан және жауапсыз әрекеттерінен орын алады. Мұны орман шаруашылығындағы 40 жылдан аса еңбек тәжірибемнен білемін.

15 қазан – Орманшылар күні. Осы атаулы күнде «Іле Алатауы» ұлттық паркі директоры Ернұр Ахметов парк қызметкерлері мен ардагерлердің басын қосқан болатын. Басқосуда жасыл желекті, табиғи байлықты қорғаудың маңызын талқылады. Жиын Отанымыздың табиғи байлығы болған орманды қауіптен қорғаудағы маңызды борышымызды тағы да бір еске салды. Саладағы ардагер ретінде өз тәжірибемізді ортаға салып, азаматтарды ортақ борышқа жұмылдыру әлі де болса парызымыз деп білемін.

Естеріңізде болса, осыдан бес жыл бұрын дәл осы мезгілде «Іле Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің Медеу шатқалында республикадағы ірі өрт оқиғасы тіркелді. Сирек кездесетін өсімдіктер мен ағаштарды, қарағайлар мен жасыл желекті бір сәтте күлге айналдырған алапат өрт 21 гектардан аса жерді шарпыды. Биік таулы аймақта мыңдаған адамның күндіз-түні тілсіз жаумен алысып, ақыры тілсіз жауды ауыздықтады. Тексеру нәтижесінен белгілі болғандай, апат демалуға келген адамдардың және туристердің өрт қауіпсіздік ережелерін сақтамағандығынан болған. Мамандар мемлекетке миллиондаған теңге зиян келгенін есептеп шықты.

Үлкен Алматы орманшылығына қарайтын Қасқабас шатқалында болған өрт те табиғи аумаққа ауыр зардап келтірген болатын. Онда да

апат күз кезінде орын алған болатын. Соңында жерасты өртіне айналып, қыстай жанып, көктемде адам күшімен зорға дегенде сөндірілді. Өртпен алпарысқан бірнеше адам жарақат та алған еді. Сол реткі өрт күз мезгілінің орман өртінің қауіпті кезеңі екенін еске салып кетті.

Қазір «Іле Алатауы» ұлттық паркі Ақсай, Медеу, Талғар, Түрген орманшылығы болып кең өңірді қамтиды. Іле Алатауы тауының сай-салалары, шатқалдары, табиғи әдемілігімен шетелдік туристерді де қатты қызықтырады.

Ол Қаскелең өзенінің аңғарынан Түрген өзенінің аңғарына дейін 120 шақырымнан аса кең аумаққа созылады. Парктің жалпы ауданы 200 мыңға жуық гектарды құрайды. Осыншама кең алқапты жіті бақылап жүруге орманшы мамандардың нақты мүмкіндіктері жете бермейді.

Табиғатты сақтау дегеніміз – өз еліңнің және бүкіл адамзаттың өркендеуін қамтамасыз ету. «Аман болса табиғат – аман болар адамзат» деп бекер айтылмаған. Осы орайда барша әріптесті өткен атаулы мерекесімен құттықтаймын! Әрі саладағы жас мамандарды, барша азаматты қырағы болып, орманды қорғау ортақ борыш екенін естен шығармауға шақырамын!

Жеңіс МҰХАМЕДИҰЛЫ,  
ардагер,  
«Іле Алатауы» ұлттық паркінің  
бұрынғы  
Аға орманшысы



КЕРЕК ДЕРЕК

Қазіргі таңда 509 арнайы ұйым, соның ішінде 46 арнайы балабақша, 99 арнайы мектеп, 110 ПМПК, 230 түзету кабинеті, 11 аутизм орталығы және 13 оңалту орталығы жұмыс істейді. Сонымен қатар, өңірлерде 1000-нан астам қолдау кабинеті ашылды.

Бүгінде еліміздің барлық білім беретін мектептерінде 10 мыңға жуық арнайы педагог психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетеді. Мәселен, 1000-ға жуық бала жеке көмекшімен қамтылса, балабақшалар мен колледждерде педагог-ассистент лауазымы енгізілді. Инклюзивті білім беруге мүмкіндігі бар білім беру ұйымдарының үлесі 91%-ға, арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамту 85%-ға жетті. Бұл жүйелі жұмыс жалғасын тауып, қазір де елімізде ерекше балаларды қолдау инфрақұрылымы қарқынды дамып келеді.

Күні кеше ғана Алматы қаласында өткен ауқымды іс-шараға әлемнің 40 елінен 1200-ден астам сарапшының қатысқаны да бұл қадамның маңызын арттыра түсті.

Әлемнің түкпір-түкпірінен беделді ғалымдар мен сарапшылар, педагог-практиктер, қоғамдық және халықаралық ұйымдардың өкілдері, сондай-ақ әр елдің үкімет мүшелері арнайы келіп, инклюзия саласындағы жаһандық маңызы зор мәселелерді бірлесіп талқылап, инклюзивті білім беру саласындағы ғылыми ұйымдар мен серіктестер арасында ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойды.

Бұл сөз жоқ, халықаралық ынтымақтастықты нығайту мен инклюзияда цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектті қолдануға ортақ тәсілдерді қалыптастыруда маңызды қадам болды.





## ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

## МЕЙІРІМ ТОЛҚЫНЫ

«Жанашыр жүрек» атты еріктілер акциясы басталды

Алматыда Республика күніне орай «Жанашыр жүрек» еріктілер акциясы басталды. Игілік пен ізгілікті дәріптейтін кең ауқымды шара қалалық еріктілер фронт-кеңсесінің бастамасымен және Жастар саясаты басқармасының қолдауымен өтуде.

16–25 қазан аралығында акция аясында 20-дан астам әлеуметтік, мәдени және экологиялық бағыттағы іс-шаралар ұйымдастырылуда. Олардың қатарында «Qatqor bol» үйсіз жандарға ыстық шәй мен тағам тарату, қарттар үйінде шығармашылық кеш өткізу, ашық аспан астындағы J-FEST концерті, жастар пікірсайыс турнирі және әлеуметтік нысандарды абаттандыруға арналған «Әлеуметтік шеберхана» бар. Сонымен бірге, Republic Day атты онлайн-челлендж іске қосылып, белсенді жастар мен блогерлер өз игі істерін бөлісіп, қала тұрғындарын мерекемен құттықтауда.

– Алматылық еріктілер ізгіліктің – уақытша науқан емес, өмір салты екенін дәлелдеп келеді. «Жанашыр жүрек» балалар мен қарттар үйлеріне көмек көрсететін, экологиялық және әлеуметтік жобаларды жүзеге асыратын дәстүрлі қозғалысқа айналды. Біз Алматыдан бастау алған мейірім толқынының өзге өңірлерге де шабыт беріп жатқанына қуаныштымыз, – деді қалалық Жастар саясаты басқармасының басшысы Әзиз Қажденбек.



Алдағы күндері акция аясында Eco Day экологиялық сенбілігі, Қан орталығымен бірлесе өтетін донорлық акция, сондай-ақ еліміздің танымал тұлғалары туралы бейнероликтер топтамасын қамтитын «Elge quyzmet» жобасы жүзеге аспақ. Бұған қоса, балалар үйі тәрбиеленушілері арасында спартакиада мен патриоттық бағыттағы «Almaly Night» зияткерлік ойыны өтеді.

– Республика күніне арналған «Жанашыр жүрек» акциясы – жастардың қоғамдық белсенділігін арттырып, еріктілік мәдениетін дамытуға бағытталған ке-

шенді бастама. Бұл мереке – ел тәуелсіздігін нығайтқан ұлық күн. Осындай игі істер арқылы жастардың патриоттық рухы күшейіп, қоғам дамуына үлес қосуға деген ынтыас арта түседі. Біз алма-тылық еріктілердің белсенділігін, қоғам игілігі үшін жасап жатқан нақты істерін жоғары бағалаймыз, – деді «QAMQOR CHARITY» қоғамдық қорының төрайымы Бағдат Анарбаева.

Әзірлеген  
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

ЕЛДІК ПЕН БІРЛІК  
РУХЫНЫҢ МЕРЕКЕСІ

Аяжан  
СЕРІКҚЫЗЫ

(Басы 1-бетте)

Мерекенің басты мәні – тәуелсіздіктің қадірін ұғыну, елдік пен бірліктің маңызын сезіну. Қазір Қазақстан жаңа тарихи кезеңге аяқ басты. Мемлекеттік құрылым жаңарып, қоғам өмірінде әділеттілік, ашықтық және жауапкершілік қағидаттары басты орынға шықты. Республика күні осы жаңару үдерісінің рухани айнасына айналды. Бұл мереке елдің саяси және экономикалық дербестігін ғана емес, рухани тұтастығын да бейнелейді. Республика күні – «Жаңа Қазақстан» идеясымен үйлесетін, қоғамды біріктіріп, болашаққа сенім ұялататын мереке. Қандай кезең болмасын, елдің басты күші – бірлік. Бүгінгі Қазақстан – түрлі ұлт пен ұлыс өкілдері тату-тәтті өмір сүріп жатқан бейбіт ел. Бұл – біздің ең үлкен жетістігіміз. Қоғамдағы келісім мен татулық ел дамуының іргетасын бекітіп отыр. Сондықтан Республика күні – бірлік пен достықтың, өзара құрмет пен сыйластықтың мерекесі.

## ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Жұлдыз  
БЕКБОСЫНҚЫЗЫ,  
тарих пәнінің  
мұғалімі:

«ТАРИХЫН  
ТАНЫҒАН  
ХАЛЫҚТЫҢ  
ТАМЫРЫ ТЕРЕҢ,  
БОЛАШАҒЫ БИІК»



Қазақ халқының тағдырындағы ең айшықты беттердің бірі – Республика күні, яғни 25 қазан. Бұл күн – еліміздің мемлекеттік тәуелсіздікке ұмтылған тарихи қадамының бастауы, ұлттық сана мен егемен ойдың жаңғыру сәті. 1990 жылдың 25 қазанында қабылданған Қазақ КСР-інің Мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясы – тәуелсіздікке бастайтын саяси көпір, рухани серпіліс еді. Бұл күн – тек мереке емес, ол өткенімізді еске алып, болашақ ұрпаққа ел болудың, егемендікке жетудің қаншалықты қасиетті екенін ұғындыратын тағылымды күн.

Болашақ ұрпақ үшін бұл күннің мәні – елдік сана мен жауапкершілікті сезіну, тарих алдындағы парызды түсіну. Егемендік – дайын мұра емес, оны сақтау үшін бірлік, білім және рух биіктігі қажет. Сондықтан Республика күні – жастарға еркін ойлау мен елге қызмет етудің, мемлекетшілдік рухтың үлгісін ұсынатын ерекше тарихи дата. Бұл мерекелердің маңыздылығы мен құндылығы өскелең ұрпақтың жүрек төрінен орын алсын!

## МЕРЕКЕЛІК ЛЕБІЗ

Жанатбек  
ІШПЕКБАЕВ,  
саяси  
ғылымдар  
кандидаты,  
профессор:

ҰЛТ ЕРКІНДІГІНЕ ЖОЛ АШҚАН  
ТАРИХИ ДЕКЛАРАЦИЯ

1990 жылдың 25 қазаны – тарих көшінде алтын әріппен жазылған тағдырлы күн. Бұл – егемен ел болуға бет бұрған Қазақ мемлекетінің өз жолын таңдаған сәті, ұлттың сан ғасырлық арман-мұратының заң жүзінде тұғырланған күні. Сол күні «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы Декларация» қабылданды. Бұл тарихи құжат – Қазақстанның өз тәуелсіздігіне қарай жасаған ең алғашқы әрі ең батыл қадамы еді.

Декларацияны қабылдау арқылы Қазақ елі Кеңес Одағының құрамындағы формалды бірлік шеңберінен шығып, өзінің ішкі және сыртқы саясатын дербес жүргізуге, табиғи байлықтарына толық иелік етуге, ұлттық мәдениеті мен тіліне кең өріс ашуға мүмкіндік алды. Ол кезде бұл – нағыз саяси ерлік болатын.

1990 жыл – кеңестік жүйенің солқылдап тұрған уақыты. Одақтас республикаларда ұлттық сана оянып, халық өз болашағына өзі жауапты болу құқығын талап ете бастады. Қазақстанда да қоғамдық-саяси қозғалыстар белең алып, халық арасында тәуелсіздік туралы пікірлер ашық айтыла бастады. Осы тарихи жағдайда қабылданған Мемлекеттік егемендік туралы декларация – тек құқықтық акт ғана емес, тұтас бір халықтың ұлт ретінде қайта түлеуінің, рухани жаңғыруының көрінісі еді. Бұл – ғасырлар бойы бодандық бұғауынан босап шыққан халықтың өз тағдырына иелік ету құқығын жариялаған айбарлы мәлімдемесі.

Декларацияда Қазақстан Республикасының аумағы тұтас және бөлінбейтіндігі, барлық ұлт өкілдеріне тең құқықтар берілуі, азаматтардың бостандығы мен құқығының қорғалуы, халықаралық қатынастарды дербес реттеу мүмкіндігі нақты көрсетілді. Ең бастысы – Қазақстан заңдарының республика аумағында үстемдікке ие екені жарияланды. Бұл – бұрын-соңды болмаған саяси бетбұрыс еді.

Көп ұзамай бұл саяси декларация шын мәніндегі тәуелсіздікке жол ашты. 1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан өзінің мемлекеттік тәуелсіздігін жариялап, жаңа тарихи кезеңге қадам басты. Бірақ осы егемендіктің алғышарты, негізі – 25 қазанда қабылданған Декларация екенін ешқашан ұмытпауымыз керек.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен 25 қазан ресми түрде Республика күні болып қайта жаңғыртылды. Бұл – тарихи әділеттің салтанат құруы. Себебі, дәл осы күні Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде алғашқы рет өзінің мемлекеттік егемендігін заңды түрде жариялады.

Бүгінгі ұрпақ үшін бұл күн – тек тарих сабағы ғана емес, жауапкершілік сабағы. Егемендік – бір күндік жеңіс емес, күн сайын қорғап, нығайтып отыратын қасиетті құндылық. Бүгінгі таңда біз сол егемендік рухын жаңа жағдайда – цифрлы ғасырда, жаһандық бәсекеде, ұлттық жаңғыру дәуірінде жалғастыруымыз керек.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті – еліміздің ең көне әрі ең беделді оқу орындарының бірі ретінде бұл мерекеге үлкен жауапкершілікпен қарайды. Себебі, елдің ертеңі – бүгінгі білім мен тәрбиеге тікелей байланысты. Ұстаз – тек білім беруші емес, ұлттық рухты қалыптастырушы тұлға.

Білімді ұрпақ – тәуелсіздіктің ең сенімді тірегі. Ендеше, Республика күні – әр қазақ баласының жүрегінде мақтаныш сезімін оятатын, ұлттың рухын асқақтататын ұлық мереке болып қала бермек.

ҚАРАСУ КӨЛІНІҢ  
БОЙЫНДА СКВЕР  
АШЫЛДЫ

12 мың шаршы метрден астам алаңда ауқымды абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Аумақ көркейтілді, арт-нысандар орнатылды, арық өткелі мен амфи-театр салынды. Сондай-ақ, автоматты суару жүйесі жабдықталып, көшені жарықтандыру желілері жүргізілді. Табиғи рельефті сақтауға және Қарасу көлінің жағалауын экологиялық жақсартуға ерекше назар аударылды.

Бүгінде барлық жұмыс аяқталды. Енді міне, сквер қала тұрғындары демалатын заманауи қоғамдық кеңістікке айналды.

Әзірлеген Қ.ЖҰМАДИЛОВА.





Республика күні қарсаңында Алматының білім беру мекемелері 4 жаңа мектеппен толығады. Соның бірі – Медеу ауданында жаңадан ашылған №220 мектеп өз жұмысын бастады. «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында салынған білім ордасының техник-калық ашылуына Алматы қаласы әкімінің орынбасары Азамат Қалдыбеков қатысты.



## «КЕЛЕШЕК МЕКТЕПТЕРІ»

Республика күні қарсаңында Алматыда 4 жаңа мектеп ашылады



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Рая  
ЕСКЕНДІР

Мемлекет басшысының бастама-сымен қолға алынған «Келешек мектептері» бағдарламасының ауқымы кең. Аталмыш ұлттық жоба ең алдымен елдегі оқушы орындарының тапшылығын және үш ауысымды оқытуды жоюға бағытталған. Бұған қоса, тұрақты жұмыс орнын ашуға да зор мүмкіндік береді. Ұлттық жобаны іске асыру аясында 34,8 мың оқушыға арналған 21 мектеп құрылысы басталған, қазірге дейін оның 12-сі өз жұмысын бастап кетті.

«Республика күні мерекесі аясында №220 мектеп пайдаланылуға беріліп отыр. Жаңа мектеп 2 мың балаға арналған. Сәтін салса, жақын күндері тағы да 4 жаңа мектеп пайдаланылуға беріледі. Білім ордасы екінші тоқсанда толықтай жұмысын бастайды. Мұнда оқушылардың жан-жақты білім алуына барлық жағдай жасалған», – деді қала әкімінің орынбасары Азамат Қалдыбеков.

Жаңадан ашылған №220 зама-

науи мектеп бірыңғай сәулеттік және білім беру стандартына сай жайлы, инклюзивті және қауіпсіз орта қалыптастыра отырып салынған. Жаңа мектеп STEM-зертханалар, робототехника, физика, химия, биология кабинеттері, компьютерлік сыныптар, акт залы, медиатека, коворкинг, шеберханалар, сондай-ақ ашық ойын және спорт алаңдарымен жабдықталған.

Мектеп оқушыларының жас ерекшелігіне қарай бастауыш, негізгі және орта блокқа бөлініп, әрқайсысында жеке асхана мен спорт залы қарастырылған. Ғимараттың іші-сыртында бейнебақылау, дабыл жүйесі және қауіп төнген жағдайда есіктерді аутоматты түрде бұғаттайтын жүйе орнатылған.

Республика күні қарсаңында қалада жалпы білім беретін тағы 3 мектеп беріледі. Аталық, Наурызбай ауданында жаңадан ашылатын №219 және №221 мектептер жалпы саны 4000 оқушыны қамтиды. Сондай-ақ, Алатау ауданында 2000 оқушыға арналған №222 мектеп те мереке қарсаңында пайдалануға беріледі.

### ■ КОНФЕРЕНЦИЯ

# «ҚЫРАН ЕЛІМ – ҚАЗАҚСТАНЫМ»:

Алматыда Мемлекеттік егемендік туралы Декларацияның тарихи маңызы талқыланды

Алматыдағы Достық үйінде «Қыран елім – Қазақстаным» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Жиын Республика күні мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияның қабылданғанына 35 жыл толуына арналды.



Дана  
САДЫРҚАН

Іс-шараның мақсаты – Мемлекеттік егемендік туралы Декларацияның тарихи маңызын айқындау, қазақстандық патриотизмді нығайту, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және елдің бірлігі мен тәуелсіздігі идеяларын қоғамда одан әрі орнықтыру.

Конференцияға Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің XII шақырылым депутаттары, қоғам және мемлекет қайраткерлері, Алматы қалалық мәслихатының депутаттары, қоғамдық кеңес мүшелері, этномәдени бірлестіктер мен азаматтық қоғам өкілдері қатысты.

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Азамат Қалдыбеков өз сөзінде тарихи жадыны сақтаудың маңыздылығына тоқталды:

– Бүгін біз еліміздің тарихындағы аса маңызды кезеңді еске алу үшін жиналып отырмыз. 1990 жылдың 25 қазанында Мемлекеттік егемендік туралы Декларация қабылданды. Бұл құжат тәуелсіз мемлекеттің қалыптасу жолындағы алғашқы әрі шешуші құқықтық акт болды.

Бүгінгі міндетіміз – патриоттық са-



Суретті түсірген Сағат СЕРІКБАЙҰЛЫ

наны күшейтіп, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және қоғамды ел бірлігі мен тәуелсіздігі идеяларының айналасына біріктіру. Тек бірлік арқылы ғана егемендіктің мұратын лайықты жалғастырып, халқымыздың өркендеуін қамтамасыз ете аламыз. Баршаңызды Республика күнімен және Декларацияның қабылдану мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! Елімізге береке, бірлік және табыс тілеймін, – деді ол.

Сондай-ақ, іс-шарада маңызды сөз сөйлеген академик, белгілі ғалым Асқар Жұмаділдаев бұл күннің өз өмірі мен кәсіби жолында ерекше маңызға ие екенін атап өтті:

– Тәуелсіздік дегеніміз – тек саяси еркіндік емес, ол – жауапкершілік. Білім мен ғылымға, келер ұрпақтың болашағына деген жауапкершілік.

Мен үшін бұл мерейтойдың орны бөлек. Декларация қабылданған жылы ең жас ғылым докторы ретінде жас ға-

лымдар кеңесінің атынан депутаттыққа алғаш сайландым. Ел тарихы дәлелдендей, тек білім мен интеллектке сүйеніп, дәстүр мен инновацияны ұштастыру арқылы ғана егемендігімізді нығайта аламыз. Сондықтан бүгінгі конференция тек өткенге тағзым емес, болашаққа бағытталған жаңа идеялар мен бастамалардың бастауы болсын, – деді Асқар Жұмаділдаев.

Іс-шара аясында Қазақстан Республикасы Президенті Архиві арнайы

тақырыптық көрме ұйымдастырды. Онда Мемлекеттік егемендік туралы Декларацияның қабылдануы мен Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу кезеңдеріне қатысты бірегей құжаттар, фотосуреттер және сирек материалдар қойылды.

«Қыран елім – Қазақстаным» конференциясы тәуелсіздік, бірлік және жасампаздық идеяларын дәріптей отырып, ұрпақтар сабақтастығын паш еткен тағылымды іс-шара болды.

### ■ ЖЕТІСУ АУДАНЫ

Алматы қаласы Республика күні мерекесіне тыңғылықты дайындалуда. Жетісу ауданында бірқатар қоғамдық кеңістік жаңартылып, тұрғындарға айрықша мерекелік тарту ұсынылды. «Арбат» жаяу жүргіншілер аумағы мен «Айнабұлақ» ықшамауданындағы Мақатаев көшесі мереке қарсаңында жаңа келбетімен жұртшылықты қуантты.



Аяжан  
СЕРІКҚЫЗЫ

Жетісу ауданы әкімдігінің қоғамдық кеңістіктерді жаңарту және тұрғындарға жайлы орта қалыптастыру бағытында аталған аумақты жаңартуды қолға алған болатын. Жалпы аумағы 9,5 мың шаршы метрге жуық жаңа тас төселіп, 266 заманауи жарық шамы орнатылды. Сондай-ақ, 14,9 мың шаршы метр жерге көгал егіліп, 7,7 шақырымдық автоматты суару жүйесі тартылды. Бұған қоса, балалар алаңы, 6 аялдама, 25 қоқыс жәшігі, 40 орындық және 24 сәндік гүл тәштегі орнатылды. Ал жасыл аймақтарды қорғау үшін 274 метр қоршау мен 8 шектеу болларды орнату жұмыстары жүргізілді.

Жаңарған жаяу жүргінші аймағында ерекше көркем нысандар да пайда болды: киіз үй пішініндегі сәндік арқа және ықшамаудан атауы жазылған

# ЖАҢАРТЫЛҒАН ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІК

мерекелік тарту ретінде ұсынылды



көркемдік нысан тұрғындардың көз-айымына айналды. Әсіресе, балаларға арналған ойын алаңы тұрғындардың сүйікті орталығына айналды.

Абаттандыру жобасы Жетісу ауданының келбетін жаңартып, қала тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған маңызды

қадамдардың бірі. Республика күніне орай жүзеге асқан игі іс – аудан халқы үшін шын мәніндегі мерекелік сыйлық болды.

– Жобаға толықтай отандық өнімдерді пайдаландық, – дейді мердігер мекеменің жетекшісі Дамир Аширбаев. Мақатаев көшесі бойында 1,6 шақы-

рым аумақ абаттандырылды. 9,5 мың шаршы метрге тас төселді, автотұрақтар мен газондар орнатылып, арықтар ауыстырылды, жарық шамдары толық жаңартылды. Жұмыстар мамыр айында басталып, қазан айында аяқталды.

Жетісу ауданы әкімі аппараты коммуналдық шаруашылық бөлімінің бас

маманы Талғат Кенжебаев құрылыс кезеңі аудан әкімдігі жағынан тұрақты бақылауда болғанын жеткізді. Оның айтуынша, бұл аумақтарда соңғы 6 жылда жөндеу жұмыстары жүргізілмеген. Жаңартылған қоғамдық кеңістік аудан тұрғындары үшін кешкі серуен орталығына айналған.

### ■ МЕРЕКЕЛІК ЛЕБІЗ

Рафик МИРЗОЕВ,  
Қазақстан халқы Ассамблеясы  
қорының төрағасы:

## РЕСПУБЛИКА КҮНІН БАЯНДЫ ЕТУ – ӘР ҚАЗАҚСТАНДЫҚТЫҢ МҰРАТЫ

Республика күні бәріміз үшін ұлы мереке. Өйткені, әлем елдерінде Республика күні ең басты ұлттық мереке болып тойланады. Еліміздің жаңа саяси басшылығы құқықтық жүйені қалыптастыру арқылы, әлемнің дамыған елдерінің тәжірибесін ескере отырып, демократиялық институттар құру жөнінде табанды жұмыстар жүргізіп келеді. Тарихи даму көкжиегіміз көрсетіп отырғанындай, мемлекет құрудың шешуші кезеңдерінде жүргізілген реформалардың сәттілігі халқымыздың жүрегінде осы тарихи күнді ұялата берді. Әрине, мұның бәрі ұлтқа жетекшілік етуші тұлғаға байланысты екені анық.

Биыл еліміз Мемлекеттік егемендік туралы декларацияның 35 жылдығын атап өтуде. Бүгінде Қазақстан өз дамуының жаңа сапалы кезеңінде тұр. Біз әлемдегі бәсекеге анағұрлым қабілетті елдердің қатарынан орын алдық.

Бұл күн бәріміз үшін ұлы мереке болуы тиіс.

Тәуелсіздіктің құны да, сапасы да ешқандай бағамен өлшенбейді. Біз, Қазақстанда тұратын этнос өкілдері өзімізді осы топырақта тұрып жатқанымызды мақтан етеміз. Республика Туын көтере отырып, біз, Қазақ мемлекетінің Тәуелсіздігіне жол ашылғанына куәна білдік. Сол күннен бастап туған жерге құт келді. Ғасырға бергісіз жүріп өткен жолымыз қаншалық ауыр болғанымен, сол тәуелсіздікті баянды ету елге де, ел тағдырын ойлаған ерге де соншалық сын болды. Сол себепті де, тәуелсіз Қазақстанның әрбір азаматы егемен елдің басты мерекесі – Республика күнінің қадірін терең сезінуі тиіс.

Тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын, Республика күні құтты болсын!

Нұрдаулет АҚЫШ,  
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,  
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет  
және өнер институтының  
бас ғылыми қызметкері:

## ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ЖОЛ АШҚАН ҚҰЖАТ

Республика күні – тәуелсіздік жолындағы айтулы күндердің көш басындағы мерекелердің бірі деуге болады. Себебі, 1990 жылдың 25 қазанында Қазақ КСР-інің Жоғарғы кеңесі арнайы Декларация қабылдаған болатын. Бұл Декларация – бұрын КСРО деп аталатын алып империя құламай тұрған кезде қабылданған ерекше мемлекеттік құжат.

Егер істің мәнісіне үңіліп қарайтын болсақ, сол 1990 жылдың өзінен бастап-ақ еліміздің кейбір салаларында тәуелсіздікке қарай бетбұрыс жасалғанын көрсететін баптар орын алған еді. Мысалы, экономикалық, рухани-мәдени және әлеуметтік салалар бойынша алғашқы дербестіктің нышандары байқала бастады. Бейнелеп айтатын болсақ, оған дейін әрбір қиымымыз, әрбір тынысымыз, алып жатқан деміміз тікелей Мәскеудің рұқсатымен ғана жүзеге асатын. Мы-

салы үшін айтсақ, алыстағы шаруашылықтың басшысын, яғни совхоз директорын бекіту үшін де Мәскеуге жүгінген замандар болды. Ал Декларацияның негізінде біз елтеп темір құрсаудан аздап мойнымыз босаңқырап, егемендіктің алғашқы нышандары бой көрсете бастады.

Бұл – сол кезең үшін батыл қадам еді. Былайша айтқанда, Республика күні – тәуелсіздіктің бастауына қадам бастырған, сөйтіп тәуелсіздікке жол ашып берген мереке. Бір сөзбен түйіндесек, сол кездегі қабылданған Егемендік Декларациясы ел тәуелсіздігінің жолашары болды. Сондықтан да бұл мерекені біз құрметпен атап өтуге тиіспіз. Тәуелсіздігіміздің бастауында тұрған айтулы құжатты құрметтей білейік.

Еліміз тыныш болсын! Азаматарымыз, халқымыз, жас ұлдарымыз бейбітшілікте өмір сүрсін деп тілейік.

Жалынбек ЖАЙНАРБАЙ,  
Алматы қалалық мәслихатының  
депутаты, «Республика» партиясы  
фракциясының жетекшісі:

## АЗАТТЫҚТЫҢ ТАРИХИ БЕЛЕСІ

Республика күні – ел тарихындағы ең маңызды мерекелердің бірі. Қазақстанның 1990 жылдың 25 қазанында қабылданған Қазақстанның «Мемлекеттік егемендігі туралы» Декларациясы қазақ халқы үшін ғасырлар бойғы арман болған тәуелсіздікке бастау берді. Әрі бұл ұлттың еркіндікке деген үмітін оятқан, тәуелсіз мемлекет болуға бағытталған тарихи шешім еді. Сондықтан Республика күні ерқашан лайықты деңгейде аталып өтуі керек деп есептеймін. Тек мереке ретінде емес, елдік пен тәуелсіздіктің бастау алған сәтін ұрпақ жадында сақтайтын маңызды тарихи белес ретінде қадірлеуіміз қажет. Жас ұрпаққа мерекенің мәнін түсіндіріп, оның ел тарихындағы

орнын ұғындыру – баршамыздың міндетіміз.

Алматы қаласының бұл мерекедегі орны ерекше. Себебі, дәл осы қалада Тәуелсіздік туралы Декларация қабылданған. Демек, Алматы – тәуелсіздіктің бастауы, азаттықтың алғашқы қадамы қаланған киелі мекен.

Республика күні құтты болсын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш, әр шаңырақта бақыт пен береке болсын! Ең бастысы – тәуелсіздігіміз мәңгі, мемлекетіміздің тұғыры нық болғай!





**Жәнібек ӘЛІМБАЕВ,****Алматыдағы №4 қалалық клиникалық аурухананың дәрігері, нейрохирург:**

# «АТАМНЫҢ ӨСИЕТІ өмірлік ұстанымыма айналды»



**Халық жазушысы, балалар әдебиетінің классигі Мұзафар Әлімбаев – қазақ мәдениетінің алтын қорында есімі мәңгілікке қалған тұлға. Оның өлеңдері мен өсиеті талай ұрпақты ізгілікке, еңбекқорлыққа, Отанды сүюге тәрбиеледі. Бүгінде атасының рухани аманатын ардақтап, ел игілігі үшін еңбек етіп жүрген ұрпағының бірі, немересі – дәрігер Жәнібек Әлімбаев. Ол бізбен әңгімесінде Мұзафар атасының өмірлік ұстанымдары, адамдық болмысы және отбасындағы тәрбиенің әсері туралы ой бөліскен еді.**



істеймін. Негізгі бағытым – бас-ми жарақаты мен омыртқа бағанына жасалатын оталар. Сонымен қатар, №2 қалалық емханада директордың емдеу ісі жөніндегі орынбасарымын.

Атам үнемі «кітапты құрметте, білімге ұмтыл, халқыңа қызмет ет» деп отыратын. Сол өсиеттері менің өмірлік ұстанымыма айналды. Өзімді жазушының немересімін деп көп жерде айтпаймын, тіпті әріптестерімнің көбі де бұл жайлы білмейді. Себебі, атам мақтаншақтықты ұнатпайтын. «Сөзбен емес, іспен дәлелде» дейтін. Осындай өсиеттерінің арқасында адалдықты, еңбекті және ана тілімізді қадірлеуді үйрендім. Атам өзге тілдерді меңгеруге де ынталандыратын. Қазір ағылшын және неміс тілдерін еркін меңгергенмін.

**– Нағыз дәрігерге тән ең басты қасиет қандай деп білесіз?**

– Дәрігердің жүрегі мейірімге толы болуы тиіс. Ең қиын сәтте науқастың жанында болып, оған үміт сыйлай білуі керек. Мен үшін дәрігерлік борыш «өзгеге жарық шашып,

өзіңді ұмытпа» қағидасымен үндес, яғни медицинада ұрпақтар сабақтастығы мен адами қасиет аса маңызды.

**– Қазір медицина жыл сайын дамып, жаңа технологиялар енгізілуде. Бірақ шын дәрігерді техника емес, жүрек жылуы танытады ғой. Сіз үшін қайсысы маңызды – технология ма, әлде адамгершілік пе?**

– Технология қанша дамыса да, дәрігердің басты міндеті – науқасқа жанашыр болу. Мен нейрохирургтің, соңғы жылдары медицинада жасанды интеллект жиі қолданылып жүр. Бірақ адам миы әлі де толық зерттелмеген, күрделі әлем. Технология дәрігерге сенімді көмекші бола алар, бірақ ол жүректегі мейірім мен науқастың жанын түсіну қасиетін алмастыра алмайды. Сондықтан дәрігер заманауи білімді де, адамгершілікті де қатар ұстануы керек.

**– Жауапты сәтте, операция үстінде көбіне не ойыңызда болады?**

– Әр операция алдында ең алдымен «зиян келтірме» деген қағиданы ойлаймын. Науқастың барлық МРТ, КТ және басқа да зерттеу нәтижелерін қарап, операцияның әр кезеңін алдын ала жоспарлаймын. Отаны «Бісміллә» деп бастаймын. Бірақ мұндай жауапты іс бір дәрігерге ғана байланысты емес. Анестезиолог, медбике, санитар – бәрі бір команда болып жұмыс істейді. Нақтырақ айтқанда, технология мен үйлесімді жұым – сәтті операцияның кепілі бола алады.

**– Соңғы сауал. Ертең – Республика күні! Бұл мереке сіз үшін нені білдіреді? Бүгінгі жастардың осы күннің мәнін сезінуін қалай бағалайсыз?**

– Мен үшін Республика күні – жүрекке жақын мереке. Әлі есімде, бала күнімде атам үнемі «түйірдей болса да, түйінді ойың болсын» деп айтатын. Сол сөз менің өмірлік ұстанымыма айналды. Қазір жастардың ойы ашық, көзі ояу. Олар елдің қадірін сөзбен емес, іспен көрсетіп жүр. Бірі туған жерін көркейтуге атсалысса, бірі өз ісін бастап, өзгелерге жұмыс беріп жатыр. Өнерімен әлемді тамсандырып жатыр. Осындай ұрпақ барда, елдің ертеңіне сенім зор. Аталарымыз айтпақшы, елге еңбегі сіңіп, сөзі емес, ісі сөйлейтін жастар көбейсін. Мереке құтты болсын!

**– Уақытыңызды бөліп, әңгімелескеніңіз үшін рахмет! Ізгі істеріңізге табыс тілейміз!**

Сұхбаттасқан  
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

мұқият оқитын, ал егер газет бір күнге кешіксе, кәдімгідей ренжитін.

Жаяу серуендегенді жақсы көруші еді. Көбіне «Весновка» өзеніне дейін барып, жолы кездескен темір-терсек көрсе бізге жинап алуды тапсыратын, «Мүсінші ұлым Жаннұрға керек болады» деп. Уақытының көп бөлігін энциклопедиялармен жұмыс істеуге және өлең жазуға арнайтын. Ал бос кезінде бізбен бірге карта ойнайтын кездері де бар-тын. Өзінің анасына деген махаббаты ерекше еді. Анасы Зейнеп хат таныған, жар-қын мінезді, тумысынан ақын адам болған екен.

«Анамыздың мейірімі арқасында жетімдік көрмегендеймін» деп жиі айтатын. 9 жасында әкесінен айырылыпты. Ал 14 жасында анасы көз жұмғанда жетімдіктің зілін алғаш рет толық сезінгенін еске алатын. Айтуынша, сол жылдары, яғни 1937 жылы өзінің тырнақалды туындысы – 17 шумақтан тұратын өлеңін жазған екен.

**Бұл есім – біздің әулет үшін зор жауапкершілік**

**– Жүрек түкпіріңіздегі ата образын қалай жеткізер едіңіз?**

– Атам менің жадымда ерекше қарапайым, бірақ рухы асқақ жан ретінде сақтаулы. Әрдайым үстел басында, қолында қаламы мен қойын дәптері бар күйінде елестетемін. Сол көрініс – мен үшін ең жылы әрі мәңгілік естелік. Ел мойындаған тұлға болса да, әрдайым кішіпейіл қалпын жоғалтқан емес. Еңбекқорлығы мен адалдығы, білімге деген құштарлығы бізге үлкен өнеге болды. Үнемі кітаппен жұмыс істеп, сөздіктерге үңіліп, кітап шетіне өз жазбасын қалдырып отыратын сәттері әлі күнге көз алдымда.

Атамның халқына сіңірген еңбегінің шынайы ауқымын уақыт өткен сайын тереңірек түсіне бастадым. «Мұзафар Әлімбаев» есімінің артында орасан зор еңбек, төзім мен рухани биіктік жатқанын ұғына түстім. Бұл есім – біздің әулет үшін зор жауапкершілік. Балалар әдебиетінің шын жанашыры, ұлт ұстазы болды. Білесіздер, атам еліміздің басты балалар журналы, бірнеше буынды тәрбиелеген – «Балдырған» журналының негізін қалап, 28 жыл бойы бас редактор болды. Көпшілікке оның мақал-мәтелдері, нақыл сөздері, сондай-ақ «Балдәурен, шіркін, балалық», «Ана тіліне тағзым», «Үлкендерден үйреніп», «Алақай-балақай» сияқты туынды-

лары жақсы таныс. Мен үшін бұл еңбектер – өскелең ұрпаққа арналған нағыз рухани тәрбие мектебі болды деп ойлаймын.

**– Балалар жанының бағбаны атанған Мұзафар ата немерелеріне қандай өсиет айтушы еді...**

– Атамның даналығы мен өсиеті ерекше керемет еді. Бізге үнемі: «Сауатты жазыңдар, дұрыс сөйлеңдер, сөз мәдениетін қадірлеңдер» деп үйрететін. «Сендер ертең Қазақстан энциклопедиясына кіретін азамат болыңдар!» деген сөзі әлі күнге дейін есімнен кетпейді. Осы сөзі бізге сенім мен жігер беретін. Барлық немересін бірдей жақсы көрді. Бізге арнап өлеңдер мен кітаптар да жазды. Атамның үйіндегі атмосфера ерекше еді. Бұрын бөлек тұрған кезімізде өз үйімізге қайтқымыз келмей қалатын кездер көп болатын...

**– Қазір өзіңізді «Мұзафар Әлімбаевтың мұрасын жалғастырып жүрмін» деп айта аласыз ба? Бір сұхбатыңызда «15 томдығын шығару атамның арманы еді» деген едіңіз...**

– Иә, атамның 2003 жылы шыққан көптомдық шығармалар жинағы бар. Сол еңбегі туралы өзі: «Осы қолыңызға тиген көптомдық – менің бүкіл өнериетімнің құндысы, құнарлысы», – деп айтқан еді. Алайда, жетінші томы шыққаннан кейін қаржының жетіспеуіне байланысты жұмыс тоқтап қалды. Барлығы 15 том болып шығуы тиіс еді. Енді сол орындалмай қалған арманды жүзеге асыру – менің борышым. Мұны мен атамның алдындағы перзенттік парызым әрі ұлт руханиятына қосылар үлес деп есептеймін.

**Дәрігердің жүрегі мейірімге толы болуы тиіс**

**– Дәрігер екенсіз. Медицина саласын таңдауыңызға не әсер етті? Өзіңіз жайында, жұмысыңыз хақында қысқаша айтып беріңізші...**

– Мектеп кезінен-ақ дәрігер, соның ішінде хирург болуды армандадым. Атам бұл шешімді ерекше қуанышпен қабылдады. Себебі, оның нағашысы – ҚазКСР мен Павлодар облысына танымал дәрігер Ғалым Тәшімбайұлы Сұлтанов болған екен. Сол кісіге ұқсаған білікті маман болуымды қалады.

С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-ды педиатр мамандығы бойынша, кейін Санкт-Петербургтегі А.Л.Поленов атындағы нейрохирургиялық институтта білім алдым. Қазір Алматыдағы №4 қалалық клиникалық ауруханада дәрігер-нейрохирург болып жұмыс

**«Өмірден өткенде қимай, ұзақ жыладым»**

**– Жәнібек Арнұрұлы, халық жазушысы Мұзафар Әлімбаевтың ұрпағы болу – үлкен абырой. Өзіңіз бұл жауапкершілікті қалай сезінесіз?**

– Расында, Әлімбаев фамилиясына ие болу – мен үшін үлкен жауапкершілік әрі зор мәртебе. Атам – әдебиет майталманы ғана емес, терең ойлы, парасатты жан еді. Бізге бала кезден адалдықты, ар-ұжданмен өмір сүруді, елге қызмет етуді үйретті. Еңбекқорлықты ерекше бағалайтын. Халық арасында жиі айтылатын «Талант табиғаттан, талап өзіңнен» деген нақыл сөздің де авторы атам болатын. Түннің бір уағына дейін жазу жазатын. Өзін үнемі дамытып, бізге үлгі бола білді. Бүгінде мен оның өмірлік ұстанымдарын ұмытпай, күнделікті тіршілігімде – еңбекте де, адамдармен қарым-қатынаста да қолдануға тырысамын. Меніңше, атамның рухани мұрасын сақтаудың ең дұрыс жолы – сол өсиеттермен өмір сүру.

**– Атаңыз дүние салғанда нешеде едіңіз? Қандай жылы естеліктер жады-ңызда қалды?**

– Өмірінің соңғы жылдарында бірге тұрдық. Бір шаңырақтың астында тұрған соң, ғұмырының әр сәтін қасында өткізу бақыты бұйырды бізге. Немерелеріне сондай мейірімді, қамқор еді. Өзі ата-анасынан ерте айырылса да, балалық шағын үнемі ерекше жылулықпен еске алатын.

Әлі есімде, 2017 жылы атамның 94 жасқа толған туған күнінде, біз әжем екеуіміз оны Түргенге балық аулауға алып бардық. Сол күні атамның қармағына форель ілініп, баладай қуанды. Сондағы оның риясыз күлкісі, шынайы ризашылығы күні кешегідей көз алдымда тұрады. Өкінішке қарай, сол күннен кейін бір ай өткенде атам дүниесін салды. Атам қайтқанда қатты қиналдым, қимай, ұзақ жыладым. Сол бір сәттен бастап мен үшін оның әрбір сөзі мен ісі – баға жетпес қазынаға айналды. Қазір сол күндерді ерекше сезімімен еске алып отырамын.

**– Қаламгердің күнделікті өмір салты қандай еді? Таңертеңгі әдеттері, жұмыс тәртібі дегендей...**

– Атам әр күнін таңғы гимнастикадан бастайтын. Содан кейін ауа райын сұрап, дастархан басына жайғасқанда әуелі «Ықылас» сүресін оқитын. Таңғы асын ішкен соң бірден жұмыс бөлмесіне кететін. Біз күн сайын оған газет пен хаттарды апарып беретінбіз. Жаңалықтар мен мақалаларды





# ҚҰРМЕТ ПЕН ҚЫЗМЕТ

## Үздік мамандар марапатқа лайық



## Қала келбетін көркейткен сәулетші

**Армен Атанаесьян Алматыда дүниеге келіп, осы қалада ержеткен. Бала кезінен қала сәулетіне, оның дамуына ерекше қызығушылық танытқан ол әр көшенің пішіні мен қоғамдық кеңістіктің ұйымдас-тырылуына назар аударып өсті. Сол қызығушылық оны сәулетші әрі қала құрылысы жоспарлаушы мамандығына алып келді.**

Армен ҚазГАСА университетінде «Сәулет» мамандығы бойынша білім алып, кейін Алматы қаласының Ішкі саясат басқармасының қолдауымен 15 жылдан астам уақыт бойы қала құрылысы және сәулет саласында еңбек етіп келеді. Осы жылдар ішінде ол 50-ден астам детальды жоспарлау жобасы мен 20-дан астам қоғамдық кеңістік жобасын жүзеге асырған.

Еңбек жолын студенттік шақта архитектуралық шеберханаларда бастаған Армен бүгінде қаланың маңызды нысандары мен даму жоспарларын әзірлеуге тікелей қатысып жүр. Оның ең елеулі жетістіктерінің бірі – Алматының

бес полицентрін дамытуға арналған мастер-план жобасына атсалысуы. Сондай-ақ, авторлық қоғамдық кеңістік жобалары арқылы қала тұрғындарына ыңғайлы әрі заманауи орта қалыптастыруда.

Армен Овикұлы шығармашылық қабілет пен жүйелі ойлауды үйлестіре білетін нағыз маман. Ол әр жобада инновациялық тәсілдерді енгізуге, жаңа технологияларды қолдануға тырысады. Өз ісіне деген шынайы сүйіспеншілігі, жоғары кәсіби мәдениеті және адал еңбегі арқылы әр жобаның сапасын қамтамасыз етеді. Өз ісінің шебері жас мамандарға «Өз ісінді сүй, үнемі дамы, тәжірибеден қорықпа» деген кеңесін береді. Себебі, урбанистика мен сәулет үнемі өзгеріс үстінде, жаңа технологиялар мен идеялар талап етіледі.

Армен Овикұлы – кәсібіне адал, шығармашылыққа жақын маман. Алматы қаласы сияқты ірі мегаполис үшін оның еңбегі сәулет өнеріне қосқан үлеспен қатар қала тұрғындарының өмір сапасын жақсартуға бағытталған маңызды миссия.

## Табиғатпен үндес өмір

**Жайлығұл Досымбеков – Жетісу облысы, Қаратал ауданы, Ақжар ауылының тумасы. Бала кезінен табиғатқа деген ерекше қызығушылықпен өскен оның орман мен аң-құстарға қамқорлық терең сезімі өміріне шынайы бағыт берді.**

2015 жылдан бастап Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінде инспектор болып еңбек етіп, табиғатты қорғау саласында өз үлесін қосып келеді. Осы уақытқа дейін ол жыл сайын орта есеппен 120–150 шарлау жасап, 500–600 жануар мен 2000–2500 өсімдікті қорғады.

Оның еңбек жолында түрлі қызықты, кейде тіпті қауіпті сәттер де кездеседі. Сондай оқиғалар оның кәсіби шеберлігін ғана емес, табиғатқа деген ерекше қамқорлығын, жанашырлығын арттырып, табиғат қорғау ісіне адалдығын дәлелдеді.

Жайлығұл әрбір рейс кезінде жануарлардың қауіпсіздігін, өсімдіктердің қорғалуын қадағалайды, экожүйенің тепе-теңдігін сақтау үшін бар күшін салады. Оның әр қадамы, әр әрекеті – табиғатқа құрметтің, кәсіби жауапкершіліктің және адал еңбектің көрінісі.

Табиғатты қорғау ісінде Жайлығұл Рыскелдіұлының үлгісі – жас инспекторларға, табиғатқа қамқорлықты кәсіби міндет қылатын әр азаматқа шабыт. Ол



тек өз қызметін атқарып қана қоймай, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға да үлес қосып келеді. Оның кәсібіне адалдығы мен жан-жақты тәжірибесі – еліміздің қоршаған ортасын сақтаудағы сенімді тірек, ұлттық табиғатты қорғаудың үлгісі.

Жайлығұл Рыскелдіұлы – табиғатты қорғау саласының шын мәніндегі кәсіби шебері, жан-жақты маман және еліміз үшін мақтаныш. Оның қажырлы еңбегі мен табиғатқа деген сүйіспеншілігі – ұлттық парктің дамуына ғана емес, бүкіл Қазақстанның экологиялық қауіпсіздігіне зор үлес қосады.

**Жарылқасын Әбдімәмбетов 1961 жылы 27 қыркүйекте Қызылорда облысы, Арал ауданында дүниеге келген. Бала кезінен бойына еңбекқорлық пен жауапкершілікті сіңірген ол өмір жолында осы қасиеттерін ісімен дәлелдеп келеді. Мамандығы – слесарь, 5-разряд.**

2009 жылдан бері Алматы қаласының су мекемесінде еңбек етіп келе жатқан Жарылқасын Әбдімәмбетов – өз ісінің нағыз шебері. 16 жылдық қажырлы қызметі барысында ол кәсіби біліктілігімен, адалдығымен және жұмысқа деген жауапкершілігімен әріптестері мен басшылықтың жоғары бағасына ие болды.

Жарылқасынның еңбегі Әуезов ауданының ғана емес, бүкіл Алматы қаласының тұрғындарын сапалы және тұрақты сумен қамтамасыз етуге бағытталған. Оның кәсіби шеберлігінің арқасында жыл сайын 30 мыңнан астам



## Су саласының сенімді шебері

отбасы, яғни 100 мыңға жуық тұрғын тұрмыстық қажеттіліктерін сенімді түрде шешеді. Соңғы жылдары ол 200-ге жуық ірі апатты жағдайды дер кезінде жойып, қала халқының тұрмысын жақсартуға зор үлес қосты.

Алматы қаласының Ішкі саясат басқармасының қолдауымен оның өнегелі еңбек жолы сала қызметкерлеріне үлгі ретінде насихатталып келеді. Жарылқасын қиын сәттерде сабырлылық пен табандылық танытып, әр істі сапалы және уақытылы орындауға ерекше

көңіл бөледі. Қарапайымдылығы мен шынайылығы оны ұжымда сыйлы тұлғаға айналдырды.

Жарылқасын Әбдімәмбетов – еңбекқорлық пен адалдықтың, кәсіби жауапкершілік пен шеберліктің жарқын үлгісі. Оның еңбегі Алматы қаласының инфрақұрылымын сенімді етіп, тұрғындардың өмір сапасын арттыруға бағытталған. Нағыз кәсібіне берілген азамат ретінде ол жас мамандарға үлгі, қоғам үшін сенімді тірек болып келеді.

## «102» желісіндегі 18 жыл

**Гүлнұр Елдосқызы 1984 жылы Жетісу облысы, Панфилов ауданының Алматы ауылында дүниеге келген. Бала кезінен әскерилердің формасына қызығып, тәртіп пен әділдікті жоғары бағалаған. Мектепте жүргенінде-ақ елге қызмет етуді армандап, кейін заңгер мамандығын меңгеріп, өмірін құқық қорғау саласымен байланыстырды.**

2007 жылдан бері Алматы қаласы Полиция департаментінің Жедел басқару орталығында «102» желісінде оператор болып, 18 жыл үздіксіз еңбек етіп келеді. Осы уақыт ішінде шамамен, 50 мыңнан астам қоңырау қабылдап, 1200 шұғыл жағдайға дер кезінде араласты. Бұл қызмет сырт көзге қарапайым көрінгенімен, ел тыныштығы мен адам тағдырына тікелей жауапты ауыр міндет. Себебі, тұрғындардың алғашқы жанайқайы, ең өзекті шағымы немесе шұғыл жағдайдағы көмек сұрауы – бәрі ең алдымен оператордың құлағына жетеді. Бір сәттік шешім, жедел әрекет адам тағдырын, кейде тұтас бір отбасының амандығын айқындап жатады.

«Оқушы кезімнен форма киген адамдарға ерекше құрметпен қарайтынмын. Сол үшін вакансия ашылғанын естігенде бірден келіп, осы орталыққа орналастым», – дейді ол.

Әрбір кезекшілік – жаңа сынақ, әрбір қоңырау – үлкен жауапкершілік. Кейде тұрмыстық мәселе, кейде қылмыс пен төтенше жағдай туралы дабыл түседі. Осындай сәттерде оператордың сабырлылығы мен кәсібилігі сынға түседі.

Гүлнұр Елдосқызы үшін ең есте қалған кезең – 2022 жылғы қаңтар оқиғасы. Сол күні кезекшілікке түскен ол экран арқылы бүкіл қаланың ахуалын бақылап отырды. «Бұл – менің еңбек жолымдағы ең ауыр күндердің бірі болды. Бірақ біз өз міндетімізден айныған жоқпыз», – дейді ол. Осындай сәттерде полиция қызметкерінің жүрегінде тек халық алдындағы жауапкершілік, елдің амандығы үшін алаңдаушылық қана



болады. Бұл – нағыз қызметке адалдықтың белгісі.

Бүгінде мемлекет тарапынан полиция қызметкерлеріне жан-жақты қолдау көрсетілуде. Заманауи техника мен әлеуметтік қамқорлық олардың абыройлы міндетін атқаруға зор мүмкіндік беріп отыр.

«Егер жүрегіңде арман болса, қорықпай қадам бас. Бұл сала батылдық пен адалдықты талап етеді. Қоғам тыныштығы – біздің ең басты парызымыз», – дейді ол жастарға.

18 жыл бойы бір орыннан табан аудармай еңбек ету – нағыз табандылықтың, еңбекқорлықтың үлгісі. Ол – өзінің адалдығымен әріптестеріне үлгі, қайсарлығымен кейінгі буынға өнеге болып отыр.

Қоғам тыныштығын күзеткен жандардың еңбегі елеусіз қалмауы тиіс. Өйткені, әрбір бейбіт таң, әрбір тыныш кеш – осындай адал қызметкерлердің тынымсыз еңбегінің арқасы. Сол үшін де Гүлнұр Елдосқызы сынды тәртіп сақшылары елдің арқа сүйер асыл жандары.





## БРИФИНГ

## «ПСИХИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ МЕКТЕБІ»

## Алматыда ерекше орталық құрылды

Алматы қалалық Психикалық сауықтыру орталығы психиатриялық және психологиялық көмектің сапасын арттыра түсті. Биылғы 9 айда мамандар мыңдаған өтініш қабылдап, жаңа тәсілдер енгізіп, еңбек терапиясын кеңейткен. Сол арқылы қызметпен қамтуды арттырған. Мұны психиатриялық көмекті барынша осы заманға лайықтап, тиімді әрі ашық ету үшін қолға алған.

Нұржамал  
Әліш

Психикалық денсаулық орталығының директоры Сапар Рахменшеев Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен профилактикалық және оңалту жұмысының қорытындысын таныстырды.

Орталық депрессия, мазасыздық, күйзеліс, ПТСР (посттравматикалық стресс бұзылысы), тәуелділік және жасөспірімдер мен ересектердегі мінез-құлықтың ауытқуы сияқты мәселелер бойынша кәсіби көмек ұсынады. Барлық маман тұрақты түрде оқытылып, үнемі біліктілігін арттырып отырады. Бұл халықты ғылыми негізделген көмекпен қамтамасыз етуге бағытталған. Орталықтың барлық қызметі тегін әрі құпия ұсталады.

Пациенттердің туыстарына қолдау

көрсету мақсатында Қазақстанда теңдесі жоқ «Психикалық білім беру мектебі» құрылды. Мұнда күтім, мүгедектікті рәсімдеу және құқықтық қорғау мәселелері бойынша заңгерлер, психологтар мен әлеуметтік қызметкерлер тегін кеңес береді. Орталық ҰЕҰ-дармен ынтымақтасып, психиатриялық көмекті қалалық емханаларға да енгізіп жатыр. Онда психологтар мен психиатрлар қарайды. Бұл дертті ерте анықтап, уақытылы емдеуге мүмкіндік береді.

Орталықта диагностикаға да ерекше көңіл бөлінген, яғни клиникалық зерттеулер жүргізілетін, бағалау жасалатын және жаңа көмек әдістері әзірленетін психологиялық зертхана да жұмыс істейді. Тәулік бойы жұмыс істейтін сенім телефоны (376-56-60 және 8 708 983 28 63) арқылы 2025 жылдың 9 айында 53 15 қоңырау қабылданды. Бұл өткен жылмен салыстырғанда, 16%-ға көп. Қоңыраудың басым бөлігі – отбасыдағы кикілжің, ата-аналар мен балалардың арасындағы қатынас, мазасызданып, күйзеліске ұшырағандардан түскен. Сонымен қатар, жалғыздық, мүгедектікті рәсімдеу, ем алу мен қолдау табу тақырыптары да жиі көтеріліп тұрады. Қоңырау шалғандардың барлығына кәсіби көмек көрсетілді.

Орталықтың мақсаты – пациенттің құқығын қорғап, жағдайын жақсартып, қоғамда психикалық денсаулыққа деген құрметті көзқарас қалыптастыру.



## ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Сапар РАХМЕНШЕЕВ,  
Алматы қаласы Психикалық  
денсаулық орталығының  
директоры:

Еңбек терапиясы  
науқастың қалпына  
келуіне көмектеседі

Біздегі негізгі бағыттардың бірі – еңбек терапиясы. Бұл созылмалы дертті бар науқастардың қалпына келуіне, елмен араласып, етене байланыс жасауына жақсы көмектеседі. Орталықта тігін цехы, баспахана, қорап шығаратын өндіріс жұмыс істейді.

Мұнда балалар мен медициналық киім, мата сөмкелер, төсек жабдығы тігіледі. Науқастар көкөніс те өсіріп, оларды қажеттілігіне қарай пайдаланады. Наркологиялық бөлімшедегі еңбек терапиясына шеберханалар, сурет салу, компьютерлік курстар кіреді. Балалар бөлімінде арт-терапия, құммен сурет салу, театр сабағы мен аспаз үйірмесі де бар. Бұл балалардың өзіндегі қабілетті ұштап, қоғамға бейімделуіне жәрдемдеседі.

Қоғамның психикалық денсаулыққа деген көзқарасын өзгерту үшін орталық тынбай жұмыс істеп жатыр. Мысалы, «психиатриялық есеп» термині ресми түрде «динамикалық бақылау» деп өзгертілді. Бұл емдеудің жаңа тәсілі деген сөз. Бақылауға алу туралы шешімді дәрігер немесе комиссия ауруы асқынып, дерт меңдеген жағдайда ғана қабылдайды. Биылғы 9 айда 480 адам бақылаудан алынған. Бұл былтырғы осы уақытпен салыстырғанда, 71 адамға көп. Бұған сауығу, тұрақты ремиссия немесе басқа өңірге көшу себеп болған.



## ДЕРАТИЗАЦИЯ

САНИТАРЛЫҚ ТӘРТІПТІ  
САҚТАУ:Мегаполисте 47 мың гектардан астам  
аумақ дәріленді

Алматыда қала аумағын кеміргіштерден қорғау мақсатында санитарлық жұмыстар жалғасып жатыр. Шаһарда кеміргіштердің саны мен таралуын азайтуға бағытталған кешенді санитарлық жұмыс қолға алынды. Бұл қаланың сегіз ауданының барлық аумағын қамтып, тұрғындардың денсаулығы мен тұрмыс жайлылығы үшін санитарлық қауіпсіздік деңгейін арттыруға бағытталған. Бұл туралы Қоғамдық инфрақұрылым және тұрғын үй инспекциясы басқармасы хабарлады.

Дана  
БОЛАТҚЫЗЫ

«ЭКО Сервис Алматы» және «Ala Comfort» компанияларының мәліметінше, бүгінге дейін 47 мың гектардан астам аумақ дәріленді, 138 мыңнан аса тұрғын үй нысаны тұрақты бақылауда тұр. Жұмысқа күн сайын төрт маманнан тұратын 10 мобильді топ қатысады.

Дератизация жоспарға сәйкес, санитарлық талапты сақтау отырып, жыл бойы жүйелі түрде жүргізіледі. Қолданылатын барлық препарат санитариялық-эпидемиологиялық сараптамадан өткен, адам, үй жануарлары мен қоршаған орта үшін қауіпсіз.

Дәрілеу жұмысы жертөлелерде, контейнер алаңдарында, инженерлік құдықтарда және кеміргіштер жиі шоғырланатын табиғи аумақтарда жүргізіліп жатыр. Препараттардың әсер ету мерзімі – жеті күн.

Осыдан кейін мамандар тексеріс жүргізіп, қажет болған жағдайда жем шашады.

Жеке сектор тұрғындары үшін аула аумақтарын өздігінен дәрілеуге арналған тиімді құралдар тегін беріледі.

Мамандардың айтуынша, кеміргіштер күз маусымында белсенді бола түседі. Сондықтан тұрғындарға қоқысты контейнерден тыс қалдырмау, жертөлелерді таза ұстау, кеміргіштердің көбеюіне жол бермеу сынды санитарлық тәртіпті сақтаудың маңызы еске салынады.

«ЭКО Сервис Алматы» компаниясы өкілдері атап өткендей, дератизация – бір реттік науқан емес, үздіксіз атқарылатын санитарлық жұмыс. Бұл үдеріс коммуналдық қызметтердің ғана емес, қала тұрғындарының да бірлескен жауапкершілігін талап етеді. Негізгі мақсат – Алматыны таза, қауіпсіз әрі жайлы ету.

## БАСПАСӨЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

ЕРТЕ АНЫҚТАЛҒАН АУРУ  
ЕМГЕ КӨНЕДІ

Балалардағы туа біткен жүрек ақауын (ТЖА) ерте диагностикалау мен қолдау аса маңызды. Мамандар Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз конференциясы аталған мәселеге баса назар аударды.



Сарапшы-мамандар ата-аналар мен дәрігерлерге арналған ауқымды білім беру бағдарламасын түсіндірді. Оның мақсаты – қоғамды жүректің туа біткен ақаулары жөнінде хабардар ету және ерте диагностикуаны дамыту. Сарапшылардың айтуынша, бүгінде елімізде ТЖА диагнозы қойылған 380 мыңнан астам бала бар. Жыл сайын шамамен, 2,5 мың жаңа жағдай тіркеледі, оның 400-ге жуығы алматылық бала. Тек биылғы алғашқы алты айда қалада жаңа туған 18 нәрестеге ота жасалған. Былтыр елімізде

балаларға жүрек ақауларын түзету бойынша 1,7 мың ота жасалып, оның шамамен, 500-і Астанадағы УМС Жүрек орталығында өтті.

«Туа біткен жүрек ақаулары – балалар арасындағы ең жиі кездесетін патологиялардың бірі. Ол алғашқы апталар мен айларда көбіне белгілерсіз өтеді. Ата-аналардың бұл дерттен хабарының жеткіліксіздігі және диагностикаға қолжетімділіктің біркелкі болмауы ауруды кеш анықтаудың басты себептері болып отыр», – деді «Heart Center Foundation» қоғамдық қоры-

ның директоры Мұрат Зауыров.

Ал University Medical Center клиникалық академиялық педиатрия департаментінің директоры, балалар кардиологы Татьяна Иванова-Разумованың айтуынша, қазіргі заманғы пренаталдық скрининг әдістері жүктіліктің 18–21 аптасында ауыр жүрек ақауларының 85%-ына дейін анықтауға мүмкіндік береді.

«Жүктіліктің екінші триместрінде жасалатын фетальды эхокардиография – күрделі жүрек ақауларын ерте анықтауға мүмкіндік беретін маңызды құрал. Ерте диагностика ата-аналарға босануға дайындалуға және кейінгі ем қабылдайтын клиниканы таңдауға мүмкіндік береді», – деді Т.Иванова-Разумова.

Алматыда «Heart Center Foundation» қоғамдық қоры ата-аналар мен дәрігерлерге арналған Пациенттер мектебін ұйымдастырды. Бағдарлама екі бағыттан тұрады: ата-аналарға арналған ақпараттық сессия және педиатрлар, неонатологтар мен функционалдық диагностика дәрігерлеріне арналған эхокардиография бойынша шеберлік сабағы. Мұрат Зауыровтың айтуынша, бағдарлама қоғам мен дәрігерлер арасындағы сенім мен өзара байланыс деңгейін арттыруды көздейді.

Нұржамал  
ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ.





ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

# ҚОС ҚЫРЛЫ ҚҰБЫЛЫС

## Қалада кептеліссіз жүретін көлік – самокат бір жағынан ыңғайлы, екінші жағынан қауіптің көзі

Алматы көшелерінде самокат мінгендер қатары күн санап артып келеді. Бұрын тек велосипед пен автотөлікке таңдау жасайтын қала тұрғындары енді жаңа көлік түріне үйреніп алды. Әсіресе, жастар үшін самокат – жылдам, кептеліссіз жүретін экологиялық таза көлік.

Қаладағы кептелістен құтқарып, жұмысқа, оқуына немесе кездесуге тез жетуге мүмкіндік береді. Көпшілік үшін бұл заманауи қаланың өркениеттік белгісі сияқты. Алайда, екінші жағынан, дәл осы қолайлылықтың көбеюі тұрғындар арасында наразылықты күшейтті. Әсіресе, жаяу жүргіншілер жолында самокаттардың жүйткіп жүруі шағымдардың көбеюіне арқау болып отыр. Қала орталығындағы тар тротуарларда жаяу адамға орын қалмай, жаяу жүргіншілердің жүріп-тұруы қиындай түскен. Кейде адамдардың самокаттан қашып, шетке ығысуына тура келеді.

Жаз айларында көрсеткіш күрт артады. Полиция ай сайын мыңдаған айыппұл салғанымен, мәселе түбегейлі шешілмей тұр. Бұл тақырып қоғамда қызу пікірталасқа айналды. Бірі «самокат – заманауи қалалық мәдениеттің ажырамас бөлігі, тіпті арнайы жолақтар салынып, қолдау көрсетілуі керек» десе, енді бірі «тәртіп сақталмаса, бұл көлікті қатаң шектеу қажет» деп санайды. Шын мәнінде, дамыған елдердің тәжірибесі қызық: мысалы, Парижде самокаттардың шамадан тыс көбеюі апаттар санын арттырған соң қала билігі қоғамдық жалға берілетін самокат қызметін толық тоқтатты. Ал Германия мен Сингапур секілді елдерде самокат тек арнайы жолақтарда жүреді, жаяу жүргіншілер жолында жүйткіуге қатаң тыйым салынған.

Алматыда мұндай қозғалыстарға арнайы жолақтар бар болғанымен, олар қаладағы барлық аймақты қамтымайды, сондықтан самокат мінгендер көбіне тротуарды пайдалануға мәжбүр. Бұл мәселенің шешімі – жаңа инфрақұрылым құру. Арнайы жолақтар мен тұрақ орындарын көбейтіп, самокат қозғалысын реттеу

қажет. Әйтпесе, қолайлылықтың орнын қауіп басып кетуі мүмкін.

Тағы бір өзекті жәйт – қауіпсіздік мәдениеті. Көптеген самокат жүргізушілері шлем кимейді, жылдамдықты шамадан тыс асырады, тіпті екі адам отырып алатындары жиі кездеседі. Бұл тек өз өміріне ғана емес, айналасындағыларға да үлкен қауіп төндіреді. Алматыда тіркелген жолкөлік оқиғаларының ішінде самокатқа байланысты жағдайлар үлесі жыл сайын өсіп келеді.

Бұл мәселені шешудің жолдары қандай? Ең алдымен, инфрақұрылымды кеңейту – велосипед пен самокатқа арналған арнайы жолақтарды көбейту қажет. Қадағалауды күшейту, қоғамдық мәдениетті арттыру керек. Қала тұрғындары үшін самокат қазір қос қырлы құбылыс – бір жағынан ыңғайлы көлік, екінші жағынан қауіптің көзі. Алматы билігі мен тұрғындары осы тепе-теңдікті сақтай алса ғана, самокат шынымен де өркениетті қаланың символына айнала алады. Әйтпесе, жаяу жүргіншілер үшін самокат – тек қолайсыздық пен қорқыныш тудыратын көлік болып қала бермек.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



### СТАТИСТИКА НЕ ДЕЙДІ?



● 2025 жылдың басынан бері электросамокат жүргізушілерінің қатысуымен 343 жол-көлік оқиғасы тіркеліп, 364 адам жарақат алған, оның 94-і – кәмелетке толмағандар. Өкінішке қарай, 1 адам көз жұмған. Жүргізушілердің кінәсінен болған 58 жол апатында 65 адам түрлі дене жарақатын алған.

● Полиция қызметкерлері жыл басынан бері 20 мың 701 жол қозғалысы ережесін бұзу фактісін анықтады.

● Ең жиі кездесетін заңбұзушылықтар – тротуарда жоғары жылдамдықпен жүру, қорғаныс дулығасын кимеу және бағдаршамның тыйым салынған белгісіне өту. 158 ата-ана балаларына электросамокатпен қоғамдық жолмен жүруге рұқсат бергені үшін жауапкершілікке тартылды.

● Қаланың қоғамдық кеңістігінде ретсіз қалдырылған 8 мың 800-ге жуық самокат айып тұрағына қойылды.

### ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Тимур НОҒАЙБАЕВ,  
Алматы қаласы Полиция департаменті  
Жергілікті полиция қызметі  
басқармасы бастығының орынбасары:



### Қауіпсіздік – бәріміздің ортақ жауапкершілігіміз

Бүгінде Алматы қаласында төрт ірі кикшерингтік компанияға тиесілі шамамен 22 мың, сондай-ақ азаматтардың жеке меншігіндегі 5 мыңға жуық электросамокат пайдаланылуда. Қалада бұл көлік түрінің көбеюі жол қозғалысы мәдениетіне және қоғамдық қауіпсіздікке жаңа талаптар қойып отыр. Қазіргі таңда полиция Департаменті қалалық мобильділік басқармасымен және кикшерингтік компаниялармен бірлесіп, түсіндіру және алдын алу жұмыстарын жүйелі жүргізуде. Жыл басынан бері «Erkin Qozgalys» атты кең көлемді акциялар ұйымдастырылып, жастар мен ата-аналарға қауіпсіз жүру мәдениетін қалыптастыру бағытында түсіндірме жүргізілді.

Электрсамокаттар заң бойынша көлік құралы ретінде танылғандықтан, олардың қозғалысына шектеу қойылған: құрылымдық жылдамдығы – 25 км/сағ, ал тротуарда жүру жылдамдығы 6 км/сағ-тан аспауы тиіс. Полиция департаменті тұрғындарға және жастарға электрсамокатты тек қауіпсіз ортада, ережеге сай пайдалануға, сондай-ақ жаяу жүргіншілердің құқығын құрметтеуге шақырады. Қауіпсіздік – бәріміздің ортақ жауапкершілігіміз.

Ұлжан ЖӘНІБЕК,  
қала тұрғыны:

### Ереже қатаң сақталса, бәріне ыңғайлы болар еді

Күн сайын жұмысқа жаяу барып келемін. Соңғы бір-екі жылда қала көшелерінде самокат мінгендердің күрт көбейгенін байқаймын. Әсіресе, орталық көшелер мен саябақтарда тротуарды бөле-жара зулағандар жиі кездеседі. Өзімді бірнеше рет соғып кете жаздаған жағдайға тап болдым. Қатты шошып қаласың, себебі самокат иесі тоқтай ма, бұрыла ма – алдын ала болжау мүмкін емес. Баламды мектепке апара жатқанда да алаңдап жүремін. Себебі, ол әлі кішкентай, самокаттан қорғана алмайды.



Қалада жаяу жүргінші жолы біз үшін қауіпсіз болуы тиіс еді, ал қазір самокаттан қашып жүретін жерге айналды. Әрине, самокаттың қолайлылығын жоққа шығаруға болмайды. Кептелістен құтқарады, экологияға да зиянсыз, қаланың заманауи көрінісін қалыптастырады. Бірақ ол мәдениетті пайдалану мен қауіпсіздік талаптарын ескеруді қажет етеді. Егер арнайы жолақтар салынса, ереже қатаң сақталса, бәріне ыңғайлы болар еді. Біз бәріміз бір қалада өмір сүріп жатырмыз, сондықтан бір-біріміздің қауіпсіздігімізді құрметтеуіміз қажет.



Бетті әзірлеген  
Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.







ФУТБОЛ

# «ҚАЙРАТ» ЧЕМПИОНДАР ЛИГАСЫНДА ҰПАЙ ЕНШІЛЕДІ

Алматыда УЕФА Чемпиондар Лигасының әнұраны үшінші рет шырқалды. Қаламызда футболдан Еуропаның ең беделді жарысының кезекті ойыны өтті. Бұл жолы алматылық «Қайрат» Кипрден келген «Пафос» командасын қабылдады. Бұған дейін оңтүстік астанамыздың командасы сырт алаңда «Спортингпен», одан кейін Орталық стадионда «Реал Мадридпен» кездескен еді.

## Ойын алдында...

Орталық стадион кезекті ойынға тыңғылықты дайындалды. Стадион маңында тазалық жұмыстары күшейтіліп, көлемі 360 литр болатын қосымша 70 қоқыс контейнері орнатылды. Тазалықты сақтау жұмыстарына 200 қызметкер мен 40 арнайы техника тартылды. Қызметкерлер екі ауысымда жұмыс істеді. Сонымен қатар, Алматы қаласының Полиция департаменті ойын күні қауіпсіздік шараларын күшейтті. Полиция қызметкерлері қоғамдық тәртіпті сақтау, трибуналардағы тәртіпті бақылау және стадион маңындағы жол қозғалысын реттеу бағыттарында толық құрамда жұмыс істеді. Матч аяқталғаннан кейін жанкүйерлер үшін 6 бағыт бойынша 60 қосымша автобус қатынады: Орталық стадионнан «Алматы Аренаға», Райымбек пен Алатау көшелерінің қиылысына, «Алматы-1» теміржол вокзалына, «Орбита» шағынауданына, «Жұлдыз» шағынауданына және әуежайға дейін жүрді.

## Бірінші тайм

Алматы уақытымен матч 21.35-те басталды. Ойын басынан-ақ «Қайрат» жанкүйерлері өз командасына қолдау білдіріп, қаймықпай шабылдауға шақырды. Ойын-



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

шылар да мұны сезгендей алғашқы минуттардан алға ұмтылды. Сондай сәттердің бірінде «Пафостың» 77 нөмерлі футболшысы Жуан Коррейя өрескел ереже бұзып, 4-минутта қызыл қағаз алды. Бір ойыншысы кеміген Кипр командасы осы сәттен бастап қорғанысқа көбірек көңіл бөлді. Ал айқын ойын фаворитіне айналған «Қайрат» допқа еркін иелік етті. Алайда, алматылықтар «Пафос» қақпасына бірнеше рет жақын келгенімен, бірінші таймның аяғына дейін өткір шабуыл не жойқын соққы жасай алмады. Тек «Пафос» қақпашысынан допты алып қойып, бос тұрған қақпа алдына пас берген Дастан Сәтпаевтың сәтін ерекше атап өтуге болады. Бірақ бұл допқа «Қайрат» шабуылшыларынан бұрын қарсылас қорғаушылары жетті. Сондай-ақ, жарақатынан кейін екінші рет, Чемпиондар лигасының негізгі кезеңінде бірінші рет алаңға шыққан Темірлан Анарбеков көзге түсті. 33-минута қонақ команданың шабуылы

кезінде қарсыласпен бірге-бір қалған ол допты қақпаға кіргізбеді.

## Екінші тайм

Екінші таймда «Қайрат» басымдығын жоғалтқан жоқ. Ойыншылар өзара пас алмасып, 10 адаммен ойнап жатқан қарсыластың осал тұсын іздеді. Бірақ Жоржиньо, Громыко сынды алматылық шабуылшылар бірде дәл соққы жасамаса, бірде шешуі допқа дейін жете алмады. Ойынның екінші жартысында шынайы қауіпті соққы Кипр командасы тарапынан болды. 50-минутта бұрыштама добынан кейін «Челси» сапында Чемпиондар лигасының жеңімпазы атанған қазіргі «Пафос» қорғаушысы Давид Луиз қақпаға дәл соққы жасады. Оны Темірлан қайтарып үлгерді. 68-минутта айып добынан кейін әуелете көтерілген допқа тағы да бірінші болып Давид Луиз жетті. Қақпаға 1-2 метрлік жерден жасалған соққыны қазақ

қақпашы шапшаң тойтарып, командасын тағы құтқарды. Алаңға 18 жастағы Азамат Тұяқбаев пен 28 жастағы Гиорги Зария шыққаннан кейін алаң қожайындарының ойыны түрлене түсті. 70-минутта Сәтпаев пасынан кейін Зария қақпаға дәл соққы жасады. Бірақ бұл жолы қарсылас қақпашысы жақсы ойнады. Ал 77-минутта Офри Арад айып алаңына еркін кіріп, допты қақпаның алыс бұрышына дәл тепті. Доп қақпаның бағанасына тиіп, ақ сызықтың бойымен сыртқа өтіп кетті. Бұл тұста «Пафостың» жолы болса, бірнеше минут бұрын «Қайратқа» сәттілік серік болды. 74-минутта Влад Драгомир жойқын соққысынан кейін алдымен қақпаның маңдайшасына, кейін Темірланнның арқасына тиіп барып қақпаға кірген гол VAR шешімімен есепке алынбады.

## Соңына қарай...

Ойын соңында алматылықтар Кипр командасын қанша қыспаққа алғанымен, есепті аша алмады. Матч 0:0 есебімен аяқталды. Жалпы ойын барысында «Қайрат» допқа 61% иелік етті, 6 рет бұрыштама добын орындап, 3 ойыншысы сары қағаз алды. Сонымен қатар, 21 соққы жасады, оның екеуі ғана қақпаға дәл болды. Ал допқа 39% иелік еткен «Пафос» тарапынан 8 соққы жасалып, оның бесеуі қақпаға тура келген.

Тең нәтижеден кейін «Қайрат» Чемпиондар лигасындағы алғашқы ұпайына қол жеткізді. Еуропалық турнирдің жалпы кестесінде командамыз ұпайы жоқ «Бенфика» мен «Аякстан» жоғары шығып, 34-орынға тұрақтады. Енді алматылық ұжымды ішкі чемпионаттағы маңызды ойын күтіп тұр. 26 қазан Алматының Орталық стадионында ел біріншілігінің шешуші туры өтеді. Турнирлік кестеде екінші тұрған «Астана» «Қайратпен» чемпиондық атақты сарапқа салады. Бұл ойында алаң қожайындары жеңіске жетсе, не тең ойнаса титулды иеленеді. Ал елордалық команда үшін бұл ойында тек жеңіс қажет.

## ФЕСТИВАЛЬ

# БАЛАЛАР КӨҢІЛДІ АЛАҢДА БАҚ СЫНАДЫ

Алматыда балалардың инклюзивті спортына арналған «Тең мүмкіндіктер» фестивалі өтті.

Республика күніне орай Алматы қаласында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар мен олардың өзге құрдастарын біріктіретін «Тең мүмкіндіктер» атты балалар инклюзивті спорт фестивалі өтті. ҚР Қорғаныс министрлігінің Спорт комитеті Армия орталық спорт клубында болған іс-шараны Алматы қаласы Білім басқармасының Қалалық дене шынықтыру және спорттық-оқу тәрбие орталығы мен «AMANAT» партиясының Алматы қалалық филиалы бірлесе ұйымдастырды. Фестивальдің мақсаты – инклюзия мәдениетін дамыту, балалардың спортқа қызығушылығын арттыру және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар мен олардың құрдастары арасындағы достық пен өзара сыйластықты нығайту.

– «Тең мүмкіндіктер» фестиваліне қаламыздың әр ауданынан келген жалпы білім беретін мектептердің балалары қатысып жатыр. 3-4-сынып, 5-6-сынып,



7-8-сынып деп үш санатқа бөлдік. Бұл қала ішіндегі іріктеу кезеңі. Мұнда жеңіске жеткен командалар Республикалық жарысқа қатысатын болады. Жалпы, инклюзивті спорт фестивалі қаламызда екінші рет ұйымдастырылып отыр. Алдағы уақытта да өз жалғасын табады. Жалпы, бүгін сайыстарға қатысқан әр баланы нағыз жеңімпаз деп айта аламын, – деді Қалалық дене шынықтыру және спорттық-оқу тәрбие орталығының директоры **Бактияр ЕЛЕМСОВ.**

Спорттық фестивальге қаланың әр ауданынан келген 8 команда қатысты. Барлығы 200-ден астам оқушы бочча, эстафета мен жеңіл атлетика сынды спорт түрлерінен сынға түсті. Фестивальге еліміздің қоғам қайраткерлері және білім саласының өкілдері, ұстаздар мен ата-аналар қатысты.

Бетті әзірлеген  
Досбол АТАЖАН.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.







ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің  
2025 жылғы 22 қазандағы  
№4/675-1290 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 10 шілдедегі №42.4-42.09/748-И хатының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- №193 мектеп аумағын кеңейту үшін, Алматы қаласы, Жетісу ауданы, «Кемел» шағынауданында орналасқан 20 (жиырма) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.
- Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 606-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.
- «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
- 1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелеріне жер учаскесінің өтемақысын төлеуді қамтамасыз етсін;
- 2) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің  
2025 жылғы 22 қазандағы  
№4/675-1290 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

| № п/п | Жер учаскесі меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты–жөні (атауы) | Кадастрлық нөмірі | Жер учаскесінің орналасқан жері                    | Жер учаскесінің ауданы, га |
|-------|-------------------------------------------------------------------------|-------------------|----------------------------------------------------|----------------------------|
| 1     | Диденко Андрей Викторович                                               | 20-314-069-050    | «Кемел» шағынауданы, Есім Хан көшесі, 121          | 0,1500                     |
| 2     | Саенко Наталья Юрьевна                                                  | 20-314-069-250    | «Кемел» шағынауданы, Есім Хан көшесі, 119 А        | 0,0680                     |
| 3     | Комарицкая Ольга Васильевна                                             | 20-314-069-252    | «Кемел» шағынауданы, Есім Хан көшесі, 119          | 0,0730                     |
| 4     | Загляда Григорий Васильевич                                             | 20-314-069-129    | «Кемел» шағынауданы, Есім Хан көшесі, 117          | 0,1639 үлесі-0,0818        |
| 5     | Загляда Анатолий Анатольевич                                            | 20-314-069-129    | «Кемел» шағынауданы, Есім Хан көшесі, 117, 2-пәтер | 0,1639 үлесі-0,0821        |
| 6     | Теске-енгибарян Грант                                                   | 20-314-069-883    | «Кемел» шағынауданы, Есім Хан көшесі, 115          | 0,1448                     |
| 7     | Белик Елена Алексеевна                                                  | 20-314-069-1270   | «Кемел» шағынауданы, Есім Хан көшесі, 111          | 0,0926                     |
| 8     | Пузин Юрий Николаевич, Пузина Галина Николаевна                         | 20-314-069-793    | «Кемел» шағынауданы, Есім Хан көшесі, 109          | 0,0580                     |
| 9     | Панченко Юрий Андреевич                                                 | 20-314-069-778    | «Кемел» шағынауданы, Есім Хан көшесі, 107          | 0,0932                     |
| 10    | Бакиева Жанаркуль Алгожаевна, Иминова Мадина Ибраимовна                 | 20-314-069-1199   | «Кемел» шағынауданы, Көкшолоқ көшесі, 11           | 0,1317                     |
| 11    | Афонин Евгений Викторович, Санина Ксения                                | 20-314-069-684    | «Кемел» шағынауданы, Көкшолоқ көшесі, 9            | 0,0843                     |
| 12    | Афоница Галина Ивановна                                                 | 20-314-069-709    | «Кемел» шағынауданы, Көкшолоқ көшесі, 7            | 0,0873                     |
| 13    | Ерохина Ирина Николаевна                                                | 20-314-069-617    | «Кемел» шағынауданы, Жар-Жар көшесі, 40            | 0,0620                     |
| 14    | Яркова Светлана Алексеевна, Ярков Иван Сергеевич                        | 20-314-069-1181   | «Кемел» шағынауданы, Жар-Жар көшесі, 42/1          | 0,0600                     |
| 15    | Решетченко Александр Витальевич                                         | 20-314-069-1182   | «Кемел» шағынауданы, Жар-Жар көшесі, 42            | 0,0989                     |
| 16    | Красов Александр Васильевич, Красова Марина Михайловна                  | 20-314-069-1470   | «Кемел» шағынауданы, Жар-Жар көшесі, 44            | 0,1134                     |
| 17    | Асанов Тагир Икрамханович                                               | 20-314-069-1263   | «Кемел» шағынауданы, Жар-Жар көшесі, 46            | 0,1041                     |
| 18    | Ноерманов Кенжин Дюсупович                                              | 20-314-069-1084   | «Кемел» шағынауданы, Жар-Жар көшесі, 48            | 0,1105                     |
| 19    | Дуткевич Валентина Александровна                                        | 20-314-069-1102   | «Кемел» шағынауданы, Жар-Жар көшесі, 50            | 0,1059                     |
| 20    | Диденко Андрей Викторович                                               | 20-314-069-903    | «Кемел» шағынауданы, Жар-Жар көшесі, 52            | 0,0978                     |

Алматы қаласы әкімдігінің  
2025 жылғы 22 қазандағы  
№4/675-1291 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Медеу ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 12 наурыздағы №26.1-26.06/517-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Ортақ пайдалану нысаны (аумақты абаттандыру және көгалдандыру) үшін Гульнара Газизовна Курманғалиеваның, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 99Е мекенжайы бойынша орналасқан, кадастрлық нөмірі 20-315-021-151, ауданы 0,0048 га жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты, жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.
- Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 602-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иесін хабардар етсін.
- «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
- 1) заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскесінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
- 2) жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін «Алматы қаласы Медеу ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің  
2025 жылғы 22 қазандағы  
№4/675-1292 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 17 шілдедегі №28.4-28.04/527-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Балалар ойын алаңын ұйымдастыру үшін Сағымжан Кенжемолдаеваның Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, «Мейрам» шағынауданы, Қыран көшесі, 20 учаске мекенжайында орналасқан, кадастрлық нөмірі 20-322-014-860, ауданы 0,0800 га, жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты, жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.
- Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 603-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.
- «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
- 1) заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскесінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
- 2) мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесі немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін «Алматы қаласы Наурызбай ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі Д.САТЫБАЛДЫ

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес «Алматы қаласы Жол қозғалысы және жолаушылар көлігін ұйымдастыру басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 9 қазандағы №56.1-56.04/104-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Автомобиль паркі құрылысы үшін, Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, «Шұғыла» шағынауданында орналасқан 7 (жеті) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2028 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
- Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 605-кеңсе белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.
- «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
- 1) заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
- 2) жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Жол қозғалысы және жолаушылар көлігін ұйымдастыру басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасары жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің  
2025 жылғы 22 қазандағы  
№4/675-1293 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

| Р/с № | Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты–жөні (атауы) | Кадастрлық нөмірі | Жер учаскесінің орналасқан жері                         | Жер учаскесінің ауданы, га |
|-------|----------------------------------------------------------------------------|-------------------|---------------------------------------------------------|----------------------------|
| 1     | «Qazaq Stroy» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі                         | 20-322-001-099    | «Шұғыла» шағынауданы, Сәкен Жүнісов көшесі, 2/8 учаске  | 0,7764                     |
| 2     | «Астана-спецавтосервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі               | 20-322-001-064    | «Шұғыла» шағынауданы, Сәкен Жүнісов көшесі, 2/27 учаске | 0,5747                     |
| 3     | «ЖК Alatau Plus» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі                      | 20-322-001-090    | «Шұғыла» шағынауданы, Сәкен Жүнісов көшесі, 2/14 учаске | 1,9974                     |
| 4     | «Астана-спецавтосервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі               | 20-322-001-063    | «Шұғыла» шағынауданы, Сәкен Жүнісов көшесі, 2/28 учаске | 0,4019                     |
| 5     | «Qazaq Stroy» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі                         | 20-322-001-100    | «Шұғыла» шағынауданы, Сәкен Жүнісов көшесі, 2/9 учаске  | 1,6541                     |
| 6     | Мұрат Әлия Қайратқызы                                                      | 20-322-001-072    | «Шұғыла» шағынауданы, Сәкен Жүнісов көшесі, 2/99 учаске | 2,9978                     |
| 7     | «КазКонсалтингПартнер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі                | 20-322-001-149    | «Абай» шағынауданы, Абай көшесі, 11/36 учаске           | 4,2647                     |

Алматы қаласы әкімдігінің  
2025 жылғы 22 қазандағы  
№4/675-1294 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 4 маусымдағы №34.5-34.07/1600-И хатының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Қолданыстағы автобус паркін кеңейту үшін, Алматы қаласы Жетісу ауданы, Рысқұлов даңғылы, 76 мекенжайы бойынша орналасқан 3 (үш) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
- Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 602-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.
- «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
- 1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелеріне жер учаскесінің өтемақысын төлеуді қамтамасыз етсін;
- 2) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Жол қозғалысы және жолаушылар көлігін ұйымдастыру басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің  
2025 жылғы 22 қазандағы  
№4/675-1294 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

| № п/п | Жер учаскесі меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты–жөні (атауы) | Кадастрлық нөмірі | Жер учаскесінің орналасқан жері | Жер учаскесінің ауданы, га |
|-------|-------------------------------------------------------------------------|-------------------|---------------------------------|----------------------------|
| 1     | «Leon T+» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі                          | 20-314-008-220    | Рысқұлов даңғылы, 76            | жалпы-5,6793 үлесі-2,0000  |
| 2     | «Central Asia Motor Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі         | 20-314-008-220    | Рысқұлов даңғылы, 76            | жалпы-5,6793 үлесі-3,3565  |
| 3     | Бискультанов Мурат Мухамбетғалиевич                                     | 20-314-008-220    | Рысқұлов даңғылы, 76            | жалпы-5,6793 үлесі-0,1500  |

Алматы қаласы әкімдігінің  
2025 жылғы 22 қазандағы  
№4/675-1295 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023 жылғы 26 желтоқсандағы №34.1-34/1315-И хатының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Райымбек даңғылын узарту үшін Алматы қаласы, Жетісу және Медеу аудандарында орналасқан 103 (жүз үш) жер учаскелерін Жетісу көшесінен Шығыс айналма автомобиль жолына дейін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2028 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
- Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 602-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.
- «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
- 1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелеріне жер учаскесінің өтемақысын төлеуді қамтамасыз етсін;
- 2) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Жол инфрақұрылымын дамыту басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ



(Басы 17-бетте)

Алматы қаласы әкімдігінің  
2025 жылғы 22 қазандағы  
№4/675-1295 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

| Р/с № | Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)                                                                                       | Кадастрлық нөмірі | Жер учаскесінің орналасқан жері | Жер учаскесінің ауданы, га                          |
|-------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------|---------------------------------|-----------------------------------------------------|
| 1     | Сүлейменова Руниза Равильевна                                                                                                                                    | 20-315-003-015    | Есенберлин көшесі, 39           | 0,1171                                              |
| 2     | Зими́на Любо́вь Васи́льевна                                                                                                                                      | 20-315-003-305    | Есенберлин көшесі, 35           | 0,0473                                              |
| 3     | Бакиева Гульнара Закиржановна                                                                                                                                    | 20-315-003-240    | Коперник көшесі, 76             | жалпы-0,0827 иеліктен шығарылатын ауданы- 0,0012    |
| 4     | Макашев Талгат Смагулович, Макашева Рашидам Акимовна                                                                                                             | 20-315-004-328    | Краснодонская көшесі, 16        | жалпы-0,0643 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0032     |
| 5     | Банщикова Светлана Владимировна                                                                                                                                  | 20-315-032-338    | Халиуллин көшесі, 68            | жалпы-0,0999 иеліктен шығарылатын ауданы- 0,0234    |
| 6     | «Бизнес парк «Станица»» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі                                                                                                     | 20-315-032-482    | Чаплин көшесі, 71/66            | жалпы-1,7037 иеліктен шығарылатын ауданы- 0,0108 га |
| 7     | Касанов Мурат Зиятдинович, Абилова Гульмира Васиповна                                                                                                            | 20-315-038-088    | Желмая көшесі, 19               | жалпы-0,0604 иеліктен шығарылатын ауданы- 0,0034    |
| 8     | Батырова Айгүль Адилбековна, Батыров Тимур Еркинович                                                                                                             | 20-315-038-128    | Желмая көшесі, 1                | 0,0625                                              |
| 9     | Ким Леонид Львович                                                                                                                                               | 20-315-038-149    | Желмая көшесі, 13               | жалпы-0,0579 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0022     |
| 10    | Микин Петр Викторович, Агibalова Ирина Владимировна                                                                                                              | 20-315-038-186    | Желмая көшесі, 15               | жалпы-0,0475 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0043     |
| 11    | Усманов Наиль Раифович                                                                                                                                           | 20-315-038-192    | Желмая көшесі, 5                | жалпы-0,0407 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0032     |
| 12    | Жамбакиев Турган Смаилович                                                                                                                                       | 20-315-038-197    | Желмая көшесі, 3                | жалпы-0,0406 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0019     |
| 13    | Новрузов Габиль Амир оглы                                                                                                                                        | 20-315-039-358    | Үштөбе көшесі, 80/16            | 0,0403                                              |
| 14    | Кадирбекова Мария                                                                                                                                                | 20-315-039-046    | Желмая көшесі, 48               | 0,0269                                              |
| 15    | Котов Сергей Александрович                                                                                                                                       | 20-315-039-380    | Желмая көшесі, 46, 2-пәтер      | жалпы-0,0473 үлесі-0,0156                           |
| 16    | Гнатко Мария Валерьевна                                                                                                                                          | 20-315-039-380    | Желмая көшесі, 46               | жалпы-0,0473 үлесі-0,0317                           |
| 17    | Симакова Раиса Павловна                                                                                                                                          | 20-315-039-417    | Чаплин көшесі, 61/52            | жалпы-0,0788 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0164     |
| 18    | Сорокина Светлана Ивановна, Макаева Мария Ивановна, Сорокин Сергей Иванович                                                                                      | 20-315-039-627    | Чаплин көшесі, 67               | жалпы-0,0324 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0094     |
| 19    | Розав Сидикжан Садықжанович                                                                                                                                      | 20-315-039-038    | Желмая көшесі, 30/81            | 0,0358                                              |
| 20    | Баева Лариса Сергеевна                                                                                                                                           | 20-315-039-050    | Чаплин көшесі, 55               | 0,0345                                              |
| 21    | Ибраев Мейрказы Токенович                                                                                                                                        | 20-315-039-067    | Желмая көшесі, 8/76             | 0,0460                                              |
| 22    | Хамраев Шерипидин Итахунович, Аянатова Гульзарям Турсуновна                                                                                                      | 20-315-039-094    | Чаплин көшесі, 35/76            | 0,0494                                              |
| 23    | Сетвалдиев Якупжан Джамалдиновна                                                                                                                                 | 20-315-039-105    | Желмая көшесі, 38/43            | жалпы-0,0759 үлесі-0,0350                           |
| 24    | Сетвалдиева Халимям Джамалдиновна                                                                                                                                | 20-315-039-105    | Желмая көшесі, 38/43            | жалпы-0,0759 үлесі-0,0370                           |
| 25    | Савина Татьяна Николаевна                                                                                                                                        | 20-315-039-114    | Халиуллин көшесі, 79            | жалпы-0,0371 үлесі-0,0151                           |
| 26    | Супрунчик Зоя Николаевна                                                                                                                                         | 20-315-039-114    | Халиуллин көшесі, 79            | жалпы-0,0371 үлесі-0,0220                           |
| 27    | Портенихин Денис Викторович, Портенихина Наталья Николаевна                                                                                                      | 20-315-039-117    | Чаплин көшесі, 31               | жалпы-0,0433 үлесі-0,0245                           |
| 28    | Серебряков Алексей Сергеевич                                                                                                                                     | 20-315-039-117    | Чаплин көшесі, 31               | жалпы-0,0433 үлесі-0,0188                           |
| 29    | Кучина Ирина Викторовна                                                                                                                                          | 20-315-039-006    | Чаплин көшесі, 39               | жалпы-0,0514 үлесі-0,0142                           |
| 30    | Затонский Владимир Ильич                                                                                                                                         | 20-315-039-006    | Чаплин көшесі, 39               | жалпы-0,0514 үлесі-0,0121                           |
| 31    | Розуев Турган Теймурович                                                                                                                                         | 20-315-039-006    | Чаплин көшесі, 39               | жалпы-0,0514 үлесі-0,0230                           |
| 32    | Адилбеков Ринат Тойбергенович, Адилбекова Айгерим Тойбергеновна, Нусипова Айгүль Тойбергеновна, Солтыбаева Мейрамкул Киргизбаевна, Адилбекова Арай Тойбергеновна | 20-315-039-127    | Чаплин көшесі, 27/72, 1-пәтер   | жалпы-0,0952 үлесі-0,0430                           |
| 33    | Мамедова Эльнара Исхановна, Бхат Карамтуллах                                                                                                                     | 20-315-039-127    | Чаплин көшесі, 27/72            | жалпы-0,0952 үлесі-0,0522                           |
| 34    | Ажеипова Карлыгаш Шайдуллаевна                                                                                                                                   | 20-315-039-157    | Чаплин көшесі, 47               | 0,0456                                              |
| 35    | Уразаева Раиса Юнусовна                                                                                                                                          | 20-315-039-158    | Чаплин көшесі, 49               | 0,0300                                              |
| 36    | Шаханова Манзура Қалдыбекқызы, Шаханов Асылхан Балтаходжаевич                                                                                                    | 20-315-039-187    | Сырдария көшесі, 74, 1-пәтер    | жалпы-0,0625 үлесі-0,0264                           |
| 37    | Ибраев Мейрказы Токенович                                                                                                                                        | 20-315-039-187    | Сырдария көшесі, 74             | жалпы-0,0625 үлесі-0,0361                           |

|    |                                                                                                                            |                |                                     |                                                 |
|----|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------|-------------------------------------|-------------------------------------------------|
| 38 | Умбетжанова Мейрамкул Скендровна                                                                                           | 20-315-039-194 | Желмая көшесі, 44                   | 0,0306                                          |
| 39 | Сертеков Бакытжан Бейсекович                                                                                               | 20-315-039-207 | Желмая көшесі, 28                   | 0,0337                                          |
| 40 | Казарин Виктор Васильевич                                                                                                  | 20-315-039-209 | Титов көшесі, 88/45                 | 0,0433                                          |
| 41 | Украинский Евгений Викторович                                                                                              | 20-315-039-218 | Желмая көшесі, 20                   | 0,0710                                          |
| 42 | Дорофеев Иван Вячеславович                                                                                                 | 20-315-039-260 | Желмая көшесі, 34                   | 0,0399                                          |
| 43 | АО «Алатау Жарық Компаниясы»                                                                                               | 20-315-039-272 | Үштөбе көшесі, 3382 ғимарат         | 0,0018                                          |
| 44 | Бурцев Алексей Иванович, Бурцева Алла Николаевна, Бурцева Оксана Алексеевна                                                | 20-315-039-287 | Чаплин көшесі, 57                   | 0,0676                                          |
| 45 | Дуйсекеева Алла Таласовна                                                                                                  | 20-315-039-298 | Желмая көшесі, 24/92                | 0,1209                                          |
| 46 | Бектенова Жазира Кызайқанқызы                                                                                              | 20-315-039-352 | Чаплин көшесі, 29 А                 | 0,0053                                          |
| 47 | Хандани Наргиз Камаловна, Хандани Эмиль Илгарович, Хандани Самир Илгарович, Хандани Сара Илгаровна, Хандани Эмир Илгарович | 20-315-039-341 | Үштөбе көшесі, 107                  | 0,0410                                          |
| 48 | Аянбекова Карлыгаш Иманғалиевна                                                                                            | 20-315-039-370 | Желмая көшесі, 42                   | 0,0231                                          |
| 49 | Кахарманов Асланбек Зияевич                                                                                                | 20-315-039-379 | Халиуллин көшесі, 81/83             | 0,0408                                          |
| 50 | Мамедов Эмиль Ельбегиулы                                                                                                   | 20-315-039-407 | Желмая көшесі, 40/56                | жалпы-0,0638 үлесі-0,0319                       |
| 51 | Лаврова Евгения Аркадьевна                                                                                                 | 20-315-039-407 | Желмая көшесі, 40/56                | жалпы-0,0638 үлесі-0,0319                       |
| 52 | Токарев Михаил Александрович, Явтуховская Наталья Александровна                                                            | 20-315-039-423 | Желмая көшесі, 20 А                 | 0,0424                                          |
| 53 | Махмадов Хомидхуджа Хушмахмадович                                                                                          | 20-315-039-454 | Желмая көшесі, 10                   | жалпы-0,0609 үлесі-0,0305                       |
| 54 | Махмадов Хомидхуджа Хушмахмадович                                                                                          | 20-315-039-454 | Желмая көшесі, 10                   | жалпы-0,0609 үлесі-0,0304                       |
| 55 | Разин Николай Сергеевич, Разина Евгения Александровна                                                                      | 20-315-039-468 | Чаплин көшесі, 41                   | 0,0271                                          |
| 56 | Назарова Любовь Николаевна                                                                                                 | 20-315-039-510 | Желмая көшесі, 26                   | жалпы-0,0635 үлесі-0,0345                       |
| 57 | Чернецова Ольга Васильевна, Токарчук Елена Васильевна, Токарчук Вера Михайловна                                            | 20-315-039-510 | Желмая көшесі, 26                   | жалпы-0,0635 үлесі-0,0251                       |
| 58 | Рахимов Альберт Робертович                                                                                                 | 20-315-040-199 | Татар көшесі, 3 А                   | 0,0279                                          |
| 59 | Захарова Оксана Анатольевна                                                                                                | 20-315-040-214 | Крымская көшесі, 4/3, 2-пәтер       | жалпы-0,0621 үлесі-0,0244                       |
| 60 | Абдуллина Рабига                                                                                                           | 20-315-040-214 | Крымская көшесі, 4/3, 1-пәтер       | жалпы-0,0621 үлесі-0,0377                       |
| 61 | «КазТрансГазАймақ» акционерлік қоғамы                                                                                      | 20-315-040-306 | Кутузов көшесі                      | 0,0005                                          |
| 62 | «Қазақтелеком» акционерлік қоғамы                                                                                          | 20-315-040-312 | Кутузов көшесі, 42/1                | 0,0004                                          |
| 63 | Ветров Федор Олегович                                                                                                      | 20-315-040-189 | Чаплин көшесі, 13                   | жалпы-0,0559 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0080 |
| 64 | Ильина Наталья Юрьевна                                                                                                     | 20-315-040-241 | Чаплин көшесі, 11                   | жадпы-0,0978 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0125 |
| 65 | Биабулина Альмира Рафаельевна, Биабулина Асия Рафаельевна, Биабулина Валентина Павловна                                    | 20-315-040-251 | Казань көшесі, 13                   | жалпы-0,0688 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0020 |
| 66 | Хицко Анна Леонидовна                                                                                                      | 20-315-040-255 | Татар көшесі, 19                    | 0,0660                                          |
| 67 | Бутаков Виктор Петрович                                                                                                    | 20-315-040-263 | Донбасс көшесі, 45 А                | 0,0472                                          |
| 68 | Боденко Нина Михайловна                                                                                                    | 20-315-040-276 | Набережная/ Сырдария көшелері, 6/71 | 0,0305                                          |
| 69 | Скоров Роман Николаевич, Скорова Ирина Александровна                                                                       | 20-315-040-313 | Донбасс көшесі, 16                  | жалпы-0,1017 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0019 |
| 70 | Долбня Леонид Васильевич                                                                                                   | 20-315-040-168 | Казань көшесі, 1                    | 0,0801                                          |
| 71 | «Алатау Жарық Компаниясы» акционерлік қоғамы                                                                               | 20-315-041-172 | Шақшақ Жәнібек көшесі, ғимарат 3189 | 0,0026                                          |
| 72 | Макарова Валентина Павловна                                                                                                | 20-315-041-120 | Шақшақ Жәнібек көшесі, 30/49        | жалпы-0,0531 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0065 |
| 73 | Петрова Анна Анатольевна                                                                                                   | 20-315-043-013 | Речка Казачка көшесі, 62            | 0,0473                                          |
| 74 | Паньков Андрей Владимирович                                                                                                | 20-315-043-022 | Желмая көшесі, 59 А                 | 0,0199                                          |
| 75 | Қалишев Мурат Саданович                                                                                                    | 20-315-043-125 | Желмая көшесі, 55, 2 пәтер          | жалпы-0,0480 үлесі-0,0240                       |
| 76 | Рахимбаев Сакен Сакибекович                                                                                                | 20-315-043-125 | Желмая көшесі, 55, 1-пәтер          | жалпы-0,0480 үлесі-0,0240                       |
| 77 | Гурьева Татьяна Семеновна, Гурьев Роман Валентинович                                                                       | 20-315-043-168 | Речка Казачка көшесі, 125           | 0,0708                                          |
| 78 | Халыкова Карлыгаш Акановна                                                                                                 | 20-315-043-169 | Речка Казачка көшесі, 123           | 0,0300                                          |
| 79 | Молдахметова Кулнара Сатыбалдыкызы                                                                                         | 20-315-043-204 | Желмая көшесі, 59                   | 0,0693                                          |

|     |                                                                                  |                |                                                        |                                                 |
|-----|----------------------------------------------------------------------------------|----------------|--------------------------------------------------------|-------------------------------------------------|
| 80  | Чистова Лидия Владиленовна                                                       | 20-315-043-216 | Желмая көшесі, 59 Б                                    | 0,0467                                          |
| 81  | Оскеленов Кайрат Сағынбекович, Оскеленова Мейирбану Сарсенбаевна                 | 20-315-043-304 | Речка Казачка көшесі, 70                               | 0,0593                                          |
| 82  | Основин Сергей Александрович                                                     | 20-315-043-322 | Речка Казачка көшесі, 52                               | 0,0216                                          |
| 83  | Ким Анастасия Юрьевна                                                            | 20-315-043-360 | Речка Казачка көшесі, 50                               | 0,0151                                          |
| 84  | Рузахунов Эмир Ялкунович, Рузахунов Ильдар Ялкунович, Рузахунов Алишер Ялкунович | 20-315-043-368 | Желмая көшесі, 49/45                                   | 0,0444                                          |
| 85  | Егорина Алина Дмитриевна                                                         | 20-315-043-390 | Желмая көшесі, 61/85                                   | 0,0674                                          |
| 86  | Егорин Сергей Алексеевич                                                         | 20-315-043-485 | Речка Казачка көшесі, 64                               | жалпы-0,1011 үлесі-0,0245                       |
| 87  | Исакова Галина Измаиловна                                                        | 20-315-043-485 | Речка Казачка көшесі, 64                               | жалпы-0,1011 үлесі-0,0766                       |
| 88  | Шманова Нуржамал Ауезхановна                                                     | 20-315-043-567 | Речка Казачка көшесі, 54                               | 0,0215                                          |
| 89  | Чичасов Сергей Евгеньевич                                                        | 20-315-043-015 | Речка Казачка көшесі, 58                               | жалпы-0,0656 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0157 |
| 90  | Каскабаев Руслан Магавиянович                                                    | 20-315-043-059 | Желмая көшесі, 51/58                                   | жалпы-0,0563 үлесі-0,0263                       |
| 91  | Меркушина Марина Петровна                                                        | 20-315-043-059 | Желмая көшесі, 51/58                                   | жалпы-0,0563 үлесі-0,0300                       |
| 92  | Голиков Пётр Григорьевич                                                         | 20-315-043-139 | Речка Казачка көшесі, 68                               | 0,0981                                          |
| 93  | Курбанов Рафилъ Мажитович                                                        | 20-315-043-143 | Речка Казачка көшесі, 89                               | 0,0402                                          |
| 94  | Низамдинова Гульбахарям Камирдиновна                                             | 20-315-043-223 | Речка Казачка көшесі, 125/1                            | жалпы-0,0228 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0016 |
| 95  | Каскабаева Светлана Магауяновна                                                  | 20-315-043-334 | Желмая көшесі, 51 А                                    | 0,0325                                          |
| 96  | Лобанов Дмитрий Александрович                                                    | 20-315-043-380 | Желмая көшесі, 47                                      | 0,0625                                          |
| 97  | Абидов Касымжан Махмұтович, Абидова Раушан Сауровна                              | 20-315-043-434 | Желмая көшесі, 39/76                                   | 0,0410                                          |
| 98  | Байхожаев Сахитжан Урдабаевич                                                    | 20-315-043-452 | Речка Казачка көшесі, 119                              | 0,0402                                          |
| 99  | Ковалев Виктор Григорьевич                                                       | 20-315-043-534 | Речка Казачка көшесі, 56                               | жалпы-0,0276 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0013 |
| 100 | Абдагалиева Батиш                                                                | 20-315-045-061 | Шерхан Мұртаза көшесі, 53/30                           | жалпы-0,0363 үлесі-0,0162                       |
| 101 | Кирпичева Надежда Ивановна                                                       | 20-315-045-061 | Шерхан Мұртаза көшесі, 53/30 (Медеу ауданы, 99 учаске) | жалпы-0,0363 үлесі-0,0201                       |
| 102 | Даулетбаева Тажикүль Желеуовна                                                   | 20-315-045-303 | Райымбек даңғылы, 14                                   | 0,0216                                          |
| 103 | «Алатау Жарық Компаниясы» акционерлік қоғамы                                     | 20-314-037-159 | Жетісу ауданы                                          | 0,0011                                          |

Алматы қаласы әкімдігінің  
2025 жылғы 22 қазандағы  
№4/675-1296 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Қалалық мобилділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 29 шілдедегі №34.1-34.05/2121-И хатаның негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**  
1. Талғар күре жолын Халиуллин көшесінен қала шекарасына дейін қайта құру үшін Алматы қаласы, Медеу ауданында орналасқан 33 (отыз үш) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.  
2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.  
3. Меншік иелері жүргіретін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 602-кеңсе болып белгіленсін.  
4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.  
5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.  
6. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:  
1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелеріне жер учаскесінің өтемақысын төлеуді қамтамасыз етсін;  
2) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Жол инфрақұрылымын дамыту басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің төңіріміне берсін;  
3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.  
7. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің  
2025 жылғы 22 қазандағы  
№ 4/675-1296 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

| Р/с № | Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)   | Кадастрлық нөмірі | Жер учаскесінің орналасқан жері | Жер учаскесінің ауданы, га                                   |
|-------|------------------------------------------------------------------------------|-------------------|---------------------------------|--------------------------------------------------------------|
| 1     | Дадаев Шамиль Русланович                                                     | 20-315-033-028    | Халиуллин көшесі, 165           | 0,2025 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0255                    |
| 2     | Дадаев Черкез Аллавердиұлы, Искандерова Махбула                              | 20-315-033-065    | Шахтинская көшесі, 30           | жалпы-0,2369 үлесі-0,1408 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0105 |
| 3     | «Алматы қаласы Медеу ауданы Әкімі аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 20-315-033-256    | Халиуллин көшесі, 161/5 учаске  | 0,8360 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0330                    |

(Жалғасы 19-бетте)



| (Басы 17–18–беттерде) |                                                                                                                                              |                |                                                  |                                            |
|-----------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------|--------------------------------------------------|--------------------------------------------|
| 4                     | «Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі                                                   | 20-315-033-255 | «Думан» шағынауданы, Қарашаш көшесі, 2/10 учаске | 0,0001                                     |
| 5                     | «Terra Invest Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі                                                                                    | 20-315-033-248 | «Думан» шағынауданы, Аяз Би көшесі, 2/6 учаске   | 0,0003                                     |
| 6                     | «Terra Invest Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі                                                                                    | 20-315-033-249 | Халиуллин көшесі, 102/7 учаске                   | 0,0001                                     |
| 7                     | «MG CITY» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі                                                                                               | 20-315-059-166 | «Думан-2» шағынауданы, 61/1 учаске               | 0,3414 иеліктен шығарылатын ауданы -0,0267 |
| 8                     | Исо Назим Салимович                                                                                                                          | 20-315-061-023 | Халиуллин көшесі, 162                            | 0,3200 иеліктен шығарылатын ауданы -0,0137 |
| 9                     | «Сило Энерджи» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі                                                                                          | 20-315-061-052 | Халиуллин көшесі, 104/3 учаске                   | 0,1500 иеліктен шығарылатын ауданы -0,0365 |
| 10                    | Товарищество с ограниченной ответственностью «Young Runner»                                                                                  | 20-315-061-078 | Құлжа тас жолы, 2                                | 7,8877 иеліктен шығарылатын ауданы -0,0222 |
| 11                    | Мейрманова Алтынай Дулатовна                                                                                                                 | 20-315-061-144 | Халиуллин көшесі, 192/1                          | 0,0500 иеліктен шығарылатын ауданы -0,0004 |
| 12                    | Мухамеджанов Талаят Хамитович, Мухамеджанова Зульфина Сатывалдиевна                                                                          | 20-315-061-163 | Халиуллин көшесі, 158                            | 1,000 иеліктен шығарылатын ауданы -0,0140  |
| 13                    | «Terra Invest Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі                                                                                    | 20-315-061-189 | Халиуллин көшесі, 196/15 учаске                  | 0,0006                                     |
| 14                    | «Terra Invest Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі                                                                                    | 20-315-061-191 | Халиуллин көшесі, 196/16 учаске                  | 0,0006                                     |
| 15                    | «Алматы қаласы экология және қоршаған орта басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі                                                      | 20-315-061-270 | Халиуллин көшесі, 196/10 учаске                  | 0,0585                                     |
| 16                    | Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны     | 20-315-061-302 | Халиуллин көшесі, 59/99 учаске                   | 0,0009                                     |
| 17                    | Битманова Ләзәт Айтыйбайқызы, Арынұлы Жандос, Калиева Жамила Арыновна, Ахметов Азиз Болатович                                                | 20-315-061-304 | Халиуллин көшесі, 210/32 учаске                  | 0,0546 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0162  |
| 18                    | «Business Assistance» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі                                                                                   | 20-315-061-336 | Халиуллин көшесі, 192/10 учаске                  | 0,0001                                     |
| 19                    | Мухамеджанов Талаят Хамитович, Мухамеджанова Зульфина Сатывалдиевна                                                                          | 20-315-061-349 | Халиуллин көшесі, 160/2 учаске                   | 0,1030 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0192  |
| 20                    | Кожантаева Гульнар Ержановна                                                                                                                 | 20-315-061-357 | Халиуллин көшесі, 156/6                          | 0,1600 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0213  |
| 21                    | Кожантаева Гульнар Ержановна                                                                                                                 | 20-315-061-358 | Халиуллин көшесі, 156/5                          | 0,8986 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0095  |
| 22                    | «Magnum E-commerce Kazakhstan» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі                                                                          | 20-315-061-363 | Құлжа тас жолы, 22/2 учаске                      | 2,6031 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0020  |
| 23                    | «Леру» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі                                                                                                  | 20-315-061-364 | Құлжа тас жолы, 22/18 учаске                     | 0,0726 иеліктен шығарылатын ауданы -0,0015 |
| 24                    | «Леру» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі                                                                                                  | 20-315-061-365 | Құлжа тас жолы, 22/19 учаске                     | 0,0747 иеліктен шығарылатын ауданы -0,0125 |
| 25                    | Нурпеисов Куаныш Байкенович                                                                                                                  | 20-315-061-382 | Халиуллин көшесі, 210/31                         | 1,1800 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0208  |
| 26                    | Серік Төржан Ахмеджанұлы, Бабакулова Аяулым, Рахманкуловна, Серік Батырхан Ахмеджанұлы, Серік Алтынай Ахмеджанқызы, Серік Алихан Ахмеджанұлы | 20-315-931-184 | Халиуллин көшесі, 94/1 учаске                    | 0,0500 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0362  |
| 27                    | «Terra Invest Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі                                                                                    | 20-315-931-188 | Халиуллин көшесі, 140/10                         | 0,0006                                     |
| 28                    | «Terra Invest Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі                                                                                    | 20-315-931-189 | Халиуллин көшесі, 140/11 учаске                  | 0,0006                                     |
| 29                    | «Альянс-Газ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі                                                                                            | 20-315-931-192 | «Думан» шағынауданы, Болашақ көшесі, 2 А         | 0,0800 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0099  |
| 30                    | Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны     | 20-315-931-196 | Халиуллин көшесі, 59/100 учаске                  | 0,0009                                     |
| 31                    | Буханцов Александр Александрович                                                                                                             | 20-315-931-197 | Халиуллин көшесі, 171 ғимарат                    | 0,0900 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0475  |
| 32                    | Конисбаев Галымжан Стыбаевич                                                                                                                 | 20-315-061-450 | Медеу ауданы                                     | 0,1500 иеліктен шығарылатын ауданы-0,1072  |
| 33                    | Беспаев Тимур Оразкенович                                                                                                                    | 20-315-061-424 | Медеу ауданы, Горный тар көшесі                  | 0,5400 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0358  |

Алматы қаласы әкімдігінің  
2025 жылғы 22 қазандағы  
№4/675-1297 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Жол инфрақұрылымын дамыту басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023 жылғы 13 желтоқсандағы № 34.1-34/1222-И хатының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**  
1. Хмельницкий көшесін «Қайрат» шағынауданынан Талғар тас жолына дейін узарту үшін Алматы қаласы, Медеу және Түркісіб аудандарында орналасқан 7 (жеті) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.  
2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.  
3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 602-кеңсе болып белгіленсін.  
4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.  
5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.  
6. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:  
1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелеріне жер учаскесінің өтемақысын төлеуді қамтамасыз етсін;  
2) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Жол инфрақұрылымын дамыту басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;  
3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.  
7. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкіміД.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің  
2025 жылғы 22 қазандағы  
№4/675-1297 қаулысына қосымша

| Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі |                                                                                         |                   |                                                 |                                                   |  |
|-----------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------|-------------------|-------------------------------------------------|---------------------------------------------------|--|
| Р/с №                                                           | Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)              | Кадастрлық нөмірі | Жер учаскесінің орналасқан жері                 | Жер учаскесінің ауданы, га                        |  |
| 1                                                               | «Астана Мұнай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі                                     | 20-315-062-247    | Құлжа тас жолы, 58/4 учаске                     | 0,1603                                            |  |
| 2                                                               | Сафронов Александр Иванович                                                             | 20-317-106-044    | Д.А.Қонаев атындағы өндірістік кооператив, 1894 | 3,1983 иеліктен шығарылатын ауданы-1,0979         |  |
| 3                                                               | «Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі        | 20-317-105-544    | «Қайрат» шағынауданы, 297/89 учаске             | жалпы-6,6438 иеліктен шығарылатын ауданы-2,9496   |  |
| 4                                                               | «Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі        | 20-317-105-545    | «Қайрат» шағынауданы, 297/98 учаске             | жалпы-17,4830 иеліктен шығарылатын ауданы-0,0205  |  |
| 5                                                               | «Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі        | 20-317-105-548    | «Қайрат» шағынауданы, 297/90 учаске             | жалпы-1,0965 иеліктен шығарылатын ауданы- 0,0099  |  |
| 6                                                               | «Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі        | 20-315-062-200    | Құлжа тас жолы, 58/5 учаске                     | жалпы- 10,2308 иеліктен шығарылатын ауданы-0,5108 |  |
| 7                                                               | «Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 20-315-061-270    | Халиуллин көшесі, 196/10 учаске                 | 0,0585                                            |  |

## ХАБАРЛАНДЫРУ

2026 жылдан бастап жаңа салық кодексі арнайы режимдері бойынша өзгерістер

2025 жылғы 18 шілдеде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның жаңа Салық кодексіне қол қойды (ҚР Заңы №214-VIII, 2025 жылғы 18 шілде). Құжат 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді. Жаңа Салық кодексі елімізде салық салу жүйесін түбегейлі реформалауды көздейді. Бұл шағын бизнеске салынатын салықтың ашықтығын арттырып, әкімшілік жүктемені азайтуға бағытталған реформа.  
Бұл Қазақстандық кәсіпкерлер үшін бизнес жүргізудің жаңа ережелерін білдіреді. Сол себепті, шағын бизнеске салынатын салықтың бұл өзгерістері ауыртпалықсыз өтетіндей етіп қазірден бастап дайындалу аса маңызды.  
Бұл өзгерістер, әсіресе, арнайы салық режимін қолданған көптеген кәсіпкерлерге бизнес жүргізу тәсілін түбегейлі қайта қарауды талап етеді. Олардың көбісі қосымша құн салығы бойынша тіркеуге тұруға мәжбүр болады, бұл салық жүктемесінің артуына әкеледі. Кейбірі салық төлеушілерді арнайы салық режимін қолдану құқығынан айырылып, жалпы белгіленген тәртіпке өтуге міндетті болады.  
2026 жылғы 1 қаңтардан бастап бұған дейін қолданыста болған жеті нұсқаның орнына үш әмбебап арнайы салық режимі қалады:  
1. **Өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған арнайы салық режимі;**  
2. **Оңайлатылған декларация негізіндегі арналған арнайы салық режимі;**  
3. **Шаруа немесе фермер қожалықтарына арналған арнайы салық режимі.**  
Өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арнайы салық режимді қолдану – дара кәсіпкер ретінде тіркелмеген, жалдамалы жұмысшылар болмауы және табысы айына 300 айлық есептік көрсеткіштен аспайтын азаматтар қолдана алады.  
Өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған арнайы салық режимінің мөлшерлемесі – 4%. Жеке табыс салығынан босатылған, ал зейнетақы жинағына, әлеуметтік аударымға және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналарын төлеу міндетті.  
Есеп жүргізу, чек беру және салық органдарымен өзара іс-қимыл арнайы мобильді қосымша арқылы жүзеге асырылады.  
Оңайлатылған декларация негізіндегі арналған арнайы салық режимі қолдану – жаңа шарт бойынша жылдық табысы 600 000 айлық есептік көрсеткіштен (2,4 млрд. теңге) аспайтын салық төлеушілер пайдалана алады. Қызметкерлер санына шектеу жоқ, бірақ қызмет түрі тыйым салынған тізімге кірмеуі тиіс. Салық мөлшерлемесі – 4%.  
Шаруа қожалықтарына арналған арнайы салық режимі бойынша өзгеріс – бірыңғай жер салығының күшін жоюға байланысты жалпы табыстың 0,5% көлемінде жеке табыс салығы мемлекеттік бюджетке төленеді.  
Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді мақсатсыз пайдалану жағдайында жер салығының базалық мөлшерлемесі 20 еседен 40 есеге дейін артады.  
Сондықтан дәл қазір, жаңа Салық кодексі күшіне енбей тұрып, 2025 жылы болашақтағы стратегияны ойластырып, әрекет ету маңызды.

Абдуали Базарбайұлы ЖАНЫЗАКОВ,

Алматы қаласы Алмалы ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының «салық төлеушілермен жұмыс» бөлімінің бөлім басшысы.



Бас директор –  
**Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ**  
Қабылдау бөлмесі:  
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –  
**Абдухалил ЖАЛИЛОВ**  
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –  
**Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА**  
тел.: 293-04-28.

Бас редактордың міндетін уақытша атқарушы –  
**Есхат БОЖАН**  
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –  
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –  
**Серік ЖҰМАБАЕВ**  
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –  
**Рая ЕСКЕНДІР**  
Қала тынысы бөлімінің редакторы –  
**Нұржамал ӘЛІШ**  
Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –  
**Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ**  
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –  
**Куаныш ДЮСКАЛИЕВ**  
тел: 293-08-12. E-mail:  
**rekalatauqparat@gmail.com**

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:  
**rekalatauqparat@gmail.com**  
тел: 293-08-25

**Шығармашылық даму жөніндегі кеңес**  
Кеңес төрағасы –  
**Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ**  
Кеңес мүшелері:  
**Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,**  
**Сейітқазы МАТАЕВ.**

**ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...**  
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:  
**8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70**  
**телефоны арқылы сағат 9.00–ден 18.00–ге дейін хабарласыңыз**

Almaty  
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

**Меншік иесі:**  
**«Alatau Aqparat» ЖШС.**  
E-mail:  
**alatauqparat@gmail.com**  
Мекенжайымыз:  
Индекс: 050022.  
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 13 260 дана (жұма)**

**Кезекші редактор – Нұржамал ӘЛІШ**

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген.  
Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет "Almaty aqshamy" -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-Болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00 Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.**



БҮГІН – КІТАПХАНАШЫЛАР КҮНІ

# КІТАП ИІСІ СІҢГЕН ӨМІР

2022 жылдың 18 қазанында Қазақстан Үкіметі №833 қаулысымен 24 қазан – Кітапханашылар күні деп бекітті. Бұл шешім – кітапханашылардың еңбегіне берілген лайықты құрмет, рухани байлықтың шырақшыларына көрсетілген жоғары баға.

 **Рая ЕСКЕНДІР**

Бұған дейін тек алматылық кітапханашылар 15 қазанды өз кәсібі мерекесі ретінде атап өтсе, енді бұл қуанышқа еліміздің барлық кітапханашысы ортақ. Енді қазан айының соңғы жексенбісі – кітап пен руханият жанашырларының ортақ мейрамы.

Мерекенің басты мақсаты – кітапханашы мамандығының беделін арттыру, қоғамдағы орнын айқындау және кітапты қадірлейтін, рухани дүниені жоғары қоятын жандарға алғыс білдіру.

Бағзыдан бері даналар кітапхананы білім мен парасаттың киелі ордасына балаған. Ал кітапханашылар осы киелі орданың шырақшысы, күзетшісі. Егер бір қоғамда кітапхананың маңызы мен мәні қаншалықты биік болса, сол қоғам үшін кітапханашылардың атқарған қызметі де сол деңгейде әспеттелуге тиіс. Олар – кітап пен оқырман арасындағы алтын көпір, ұлттық құндылық пен жаңа ұрпақтың арасын жалғап тұрған рухани дәнекер. Қасиетті қазынаны көздің қарашығындай сақтап, оны ел игілігіне жаратып жүрген кі-

тапханашылар – ең қажет, ең абыройлы мамандық иелері.

Айта кетер болсақ, әлем жұртшылығы Халықаралық мектеп кітапханалары күнін (International School Library Day) жыл сайын қазан айының төртінші дүйсенбісінде атап өтсе, 1999 жылдан бастап ЮНЕСКО бастамасымен қазанның соңғы аптасына, 24 қазанға нақтылап белгіленіп, атап өтіле бастады. Оны алғаш рет Халықаралық мектеп кітапханалары қауымдастығының (International Association of School Librarianship, IASL) Президенті Бланш Вуллз жариялады. 2005 жылы мерекенің ресми мәртебесін осы ұйымның жаңа президенті Питер Дженко растап, оның белгілі бір тақырыпқа арналып отыратынын жеткізді.

Балаларды кітаппен достастырып, таныстыруда мектеп маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, мектеп кітапханасы тек оқулықтар қоймасы ғана емес, бүгінде ол дәстүрлі баспа кітаптарына, көркем және ғылыми әдебиеттердің электронды қорына білімге ыңғайлы және заманауи қолжетімділік бар білім беру кеңістігінің әлеуетін іске асыра отырып, сабақтан тыс және жобалық қызметтің орталығына айналуға тиіс.

Кітапханашылар мен мұғалімдердің күш-жігері – балаларды кітаппен достастырып, ізденіске баулудың басты кепілі.

Әр қоғамның білім-ғылымға, оның жауһарларын жинаған кітапқа деген қарым-қатынасы сол қоғамның өркениет әлемімен қарым-қатынасын анықтайды. Бүгінгі мереке иелерінің қызметін де осы тұрғыдан бағалауға әбден болады.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

БАСПАСӨЗ–2026

Ақпарат жылдам дамығанымен, мерзімді баспасөздің маңызы жойылған жоқ. Керісінше, байыпты да сенімді дереккөз ретінде ақпараттық қауіпсіздік тұрғысында маңызы артып келеді. Алматыдағы «Қазпошта» филиалы 2026 жылға жазылу науқанының басталуына орай дәстүрлі «Жазылушы күні» іс-шарасын ұйымдастырды.

Жиынға республикалық және жергілікті басылымдар, пошта қызметкерлері, жазылушылар мен қала тұрғындары қатысты.



## «ЖАЗЫЛУШЫ КҮНІ»

Оқырман мен басылым арасындағы алтын көпір

 **Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Іс-шарада әр басылым өз өнімдерін таныстырған шағын көрме ұйымдастырыпты. Ал жас өнерпаздар домбыра мен қобыз үнімен қазақтың танымал күйлерін орындап, жылы әрі рухани атмосфера қалыптастырды.

«Қазпошта» Алматы филиалының директоры Нұркен Рүстем пошта қызметінің рөлін атап өтті:

– Біздің пошташылар жыл сайын мыңдаған шақырым жүріп, жазылушыларға басылымдарды жеткізеді. Қазір жазылу мен жеткізу қызметін цифрландыруға күш салып жатырмыз, – деді.

Салтанатты кеште «Alatau Aqparat» медиахолдингі «Almaty aqshamy» және «Вечерний Алматы» газеттерінің коммерциялық бөлім директоры Қуаныш Дюскалиев алда келе жатқан Республика күнімен құттықтай келіп, пошта қызметкерлеріне алғысын білдірді:

– Газет – халықтың айнасы, елдің үні. Қазіргі таңда бәрі телефон мен әлеуметтік желіге тәуелді болса да, баспасөздің қадірі жойылған жоқ. Осы орайда біз газетті қаланың барлық аумағына жеткізіп, оқырманмен байланысымызды үзбей отырған «Қазпошта» мамандарына алғыс айтамыз, – деді ол.

Биылғы «Жазылушы күні» аясында мерзімді басылымдарға жеңілдікпен жазылу науқаны басталды. Кеш соңында жазылушыларға сыйлықтар үлестіріліп, ерекше мерекелік көңіл күй орнады.

Айта кетейік, жазылу науқаны қазір де жалғасып жатыр. Бұл іс-шара – оқырман мен басылым арасындағы рухани байланысты нығайтатын дәстүрлі дәстүр болып қала береді.

ҚАУІПСІЗ ҚАЛА

# МЕРЕКЕ КҮНДЕРІ

қала полицейлері күшейтілген қызмет тәртібіне көшеді

25 қазан – Республика күні Алматы полициясы күшейтілген қызмет атқару тәртібіне көшеді. Қоғамдық тәртіпті сақтау мақсатында мереке күндері 3,5 мың полицей жұмылдырылады. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында Алматы қаласы Полиция департаментінің ресми өкілі Салтанат Әзірбек мәлімдеді.

 **Гүлжанат СЕМБАЕВА**

Мереке күндері ішкі істер органдарының жеке құрамы күшейтілген режимде қызмет атқарады. Барлық бөлімше – патрульдік полиция, учаскелік инспекторлар, ювеналды және көші-қон қызметі, кинологтар мен жедел бөлімшелер жұмысқа тартылады. Қоғамдық көлікте және азаматтар көп жиналатын орындарда – саябақтарда, алаңдарда, сауда-ойын-сауық орталықтарында бақылау күшейтіледі.

Спикердің айтуынша, қалада көлік қозғалысын шектеу жоспарланбаған. Бұл мәселе мерекелік іс-шаралар өткізу кезінде қалыптасатын жағдайға байланысты шешіледі. Сонымен қатар, полиция профилактикалық және түсіндіру жұмыстарына ерекше көңіл бөлуде. Халықпен кездесулер, оқу орындарында дәрістер, акциялар мен бірлескен іс-шаралар өткізіліп, құқықтық мәдениетті арттыруға бағытталған жұмыстар жүргізілуде.

Алматы полициясы бұқаралық ақпарат құралдары және азаматтық институттармен белсенді бірлесе халық арасында құқық қорғау жүйесіне деген сенімді нығайту және заңға бағынушылық мәдениетін қалыптастыру бағытында жұмыс істейді.

Департаменттің ресми өкілі атап өткендей, полиция бөлімшелерінің, жергілікті атқарушы органдар мен азаматтардың жеделдігі арқасында Алматыдағы жедел жағдай тұрақты әрі болжамды деңгейде сақталып отыр.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Салтанат ӘЗІРБЕК,  
Алматы қаласы ПД–нің ресми өкілі:

## ҚЫЛМЫС ДЕҢГЕЙІ 12%–ҒА ТӨМЕНДЕДІ

Алматыдағы криминогендік жағдай тұрақты және бақылауда. Қылмыс деңгейі 12 пайызға төмендеді, сондай-ақ ауыр және аса ауыр қылмыстардың ашылу көрсеткіші де жақсарды.

Ішкі істер министрі биыл «Профилактика жылы» деп жариялаған болатын. Осыған орай, ерекше назар құқықбұзушылықтардың алдын алуға аударылып отыр. Әсіресе, кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтардың, тұрмыстық жанжалдар мен жол қозғалысы қауіпсіздігіне қатысты құқықбұзушылықтардың алдын алу бағытында жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Полиция қызметі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған «Заң және тәртіп» қағидаты аясында жұмыс істейді. Біздің басты міндетіміз – әрбір алматылық пен қала қонағының өзін қауіпсіз сезінуін қамтамасыз ету.

Газетіміздің келесі саны 31 қазан, жұма күні шығады.